

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

**А.А. Смаилова
М.А. Бекназар**

Клиникалық Психиатрия

Оқу құралы I - бөлім



Түркістан 2018

ЭОЖ 616.89

КБЖ 56.14

Б 39

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ УМК қаралып Сенат шешімімен (№4, 28.02.2018 ж) шығарылымға рұқсат берілген.

Рецензенттер:

Бимурзаев Г.Н. – Түркістан медицина колледжінің директоры, м.ғ.к
доцент.

Абасова Г.Б. - Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Неврология,
психиатрия, наркология кафедрасының меңгерушісі,
м.ғ.к доцент.

Б 39 А.А. Смаилова, М.А. Бекназар, Клиникалық психиатрия І бөлім/
психиатрия дәрісіне арналған оқу - әдістемелік құралы. Түркістан:
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ 2018.-101б.

ISBN 978-601-243-902-1

"Психиатрия пәні бойынша оқу-әдістемелік құралы" Медицина факультетінің "Жалпы медицина" мамандығында оқитын 5 курс студенттеріне арналған.

Оқу-әдістемелік құрал пәннің типтік бағдарламасы бойынша қаралған негізгі тақырыптарға сәйкес құрастырылған. Әр тақырып " Дәрістің мақсаты", " Тақырыптың негізгі сұрақтары", " Сабақ беру мен оқытудың әдістері ", " Ақпаратты- дидактикалық блок" сияқты негізгі бөлімдерден тұрады. Бұл оқу-әдістемелік құрал студенттерге тақырыптарды қысқаша баяндау арқылы қарастырылып жатқан мәселелерді түсінуге, оқуға өз бетінше дайындалуға және практикалық сабақтар барысында көмек береді.

ЭОЖ 616.89

КБЖ 56.14

ISBN 978-601-243-902-1

© Бекназар М.А.,
Смаилова А.А., **2018**

Кіріспе

Психиатрия – психикалық аурулардың этиологиясын, патогенезін, таралу жиілігін, диагностикасын, емін және халыққа психикалық көмекті ұйымдастыруды зерттейтін медициналық пән.

Психикалық ауруларды анықтау үшін клиникалық медицинаның негізгі әдістері (жалпы қарау, пальпация және аускультация) қолданылады және психикалық жағдайды бағалау үшін – науқастарды бақылау және олармен әңгімелесу керек.

Әңгімелесу кезінде науқас дәрігерге өзінің уайымы, өзіне төнген қауіпті, қорқынышын, көңіл-күйінің төмендігін, өзіне қатысты дұрыс емес қарым-қатынасты, дұрыс емес жағдайлар мен сандырақтық уайымдары жайлы айтуы мүмкін.

Науқастың психикалық жағдайын бағалауда оның өткен өмірі, болған оқиғаға қарым –қатынасы және қоршаған ортамен өзара қатынасы өте маңызды. Науқастарда жиі оқиғалар мен құбылыстарды ауыр түсіндіру анықталады, бұл жағдайда анамнез туралы емес, науқастың психикалық жағдайының қаншалықты ауыр екені туралы сөз қозғалады. Науқастың психикалық жағдайын бағалауда объективті анамнез мәліметтері, науқастың туыстары мен таныстарынан алынған ақпарат маңызды рөл ойнайды.

Кейде дәрігерлерге науқастар өз ауруларын жасырады (анозогнозия), тіпті науқастың жақын туыстарыда жасырады. Бұл жағдай эпилепсия, олигофрения және шизофрения тәрізді психикалық аурулармен ауыратындарда жиі кездеседі. Науқастың ата-аналары жоғары білімді тұлғалар және тіпті дәрігер болғаннан соң аурудың айқын белгілерін жасырады. Кейбіреулері аурудың жоқтығына қарамастан, қажетті терапияны жүргізуге келіседі. Бұл жағдайда дәрігер науқастың мүддесіне негізделе отырып максимальды икемділік және тактикаларды қолдануға міндетті және туыстарының ешқайсысының сенімінсіз, оған талап етпей, диагнозы анықталмай ем жүргізіледі.

Психикалық аурулардың ерекшелігі – олардың ағымының ұзақтығында. Егер науқастың өмірінде соматикалық аурулар жиі эпизодты түрде көрініс берсе, онда психикалық аурулар жылға жалғасады, кейде өмір бойы сақталады. Осыған байланысты әлеуметтік мәселелер туындайды: науқастың жұмысқа орналасуы, ауру ұстамасына шалдығу, отбасылық қатынастарды қалыпқа келтіру, оның қоршаған адамдармен өзара қатынасы және т.б.

Психиатрия бұл - клиникалық медициналық пән. Соматикалық аурулар мен психикалық бұзылыстар арасында тығыз байланыстар бар. Кез – келген соматикалық ауру науқастың жеке басына және психикалық белсенділігіне әсер етеді. Басқаша айтқанда, соматикалық аурулар кезіндегі психикалық бұзылыстар бұл психикалық соматогенді бұзылыстар және адамның ауруға реакциясының қосындысы.

1. №1 тақырып. Психикалық аурулардың диагностикалық әдістері және зерттеу ерекшеліктері. Психиатриялық көмектің құрылымы. Сараптама түрлері. Қабылдаудың бұзылыстары.

2. Тақырыптың мақсаттары

- халыққа психиатриялық көмекті ұйымдастырудың негізгі принциптерін;
- психиатрия және наркологияда қолданылатын негізгі қазіргі зерттеу әдістерін;
- психиатриялық бұзылыстардың негізгі симптомдарын және синдромдарын;
- психиатриядағы емдеу мен алдын алудың негізгі принциптерін.

3. Б1.1 ҒЫЛЫМИ, ЗЕРТТЕУШІ – БІЛІМІН ҚОЛДАНУ

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: перереквизиттерден және осы пәндерден алынған білімді қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: Психиатрия бойынша тақырыпқа сай презентацияларды ұсынуды, неврология, психиатрия және наркологияда қолданылатын зерттеу әдістерін дәлділікпен орындайды;

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді: іс-әрекетінде ғылыми жаңалықтардың құндылықтарын үйлестіреді.

Б.2.2 ДӘРІГЕР-КЛИНИЦИСТ (1) НАУҚАСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

Білім (когнитивті) домені:

Есте сақтайды: жүйелер бойынша зерттеу әдістерін сұрастыру, неврологиялық статус пен психостатусты зерттеу әдістерін есте сақтайды.

Түсінеді: Жүйелер бойынша патологиялардың негізгі клиникалық симптомдары мен синдромдарын;

Қолданады: науқасты тексеруде қазіргі кезеңдегі клиникалық – зертханалық және аспаптық тәсілдерді; науқаспен, оның туыстарымен, әріптестіермен және басқа медицина қызметкерлерімен сенімді қарым-қатынас орнатуды қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: жүйке ауруларының; орталық және шеткілік патологиялық рефлекстерін, өзгерістерін анықтау және т.б. дағдыларды дәлділікпен жасайды.

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс-әрекетінің құндылықтарын үйлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

Б.2.5. ПРОФИЛАКТИКА ЖӘНЕ РЕАБИЛИТАЦИЯ:

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: психикалық аурулардың алдын алудың, психикалық бұзылыстар мен тәуелділік ауруларының психогигиенасы мен психопрофилактикасының негіздерін, қалыптастырудағы білімдерін қолданады.

Қарым қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс әрекетінің құндылықтарын үйлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

4. Тақырыпқа байланысты сұрақтар:

1. Клиникалық зертеу тәсілдері: сұрастыру, бақылау.
2. Психиатриялық сұхбаттасу тәсілдерінің ерекшеліктері.
3. Дәрігер психиатрдың ролі мен стратегиясы.
4. Субъективті және объективті анамнез.
5. Диалогты басқару.
6. Симуляцияны, аггравацияны, десимуляцияны анықтау.
7. Соматикалық қарау.
8. Неврологиялық қарау.
9. Нейрофизиологиялық тәсілдер: ЭЭГ, РЭГ, МРТ, КТ.
10. Психологиялық тәсілдер.
11. Психиатриялық көмектің диспансерлік бөлімінің құрылымы (жедел психиатриялық көмек, күндізгі стационар, емдік-еңбектік бөлімдер, интенсивті психиатриялық көмек беру бөлімі, ауруханадан тыс реабилитация бөлімі, «көмекті тұрғынжай», ауруханалардан тыс жағдайларда психоәлеуметтік жұмыс бөлімі).
12. Психиатриялық көмектің стационарлық бөлімі.
13. Психиатриялық көмектің сапалық бақылануы.
14. Экспертиза түрлері.
15. «Есі дұрыс емес» түсінігі.
16. Іс-әрекетке қабілеттілігі.

5. Оқу және оқыту әдістемесі

Науқастарды қарауға қатысу, тематикалық пациенттерді талдау, шағын топтарда жұмыс істеу, теңдесі жоқ білім беру, науқастарды емдеу, рөлдік ойындар, пікірталастар, кері байланыс.

6. Ақпараттық-дидактикалық блок

Психиатрияда науқасты сұрастыру зерттеудің маңызды әдісі болып саналады. Психикалық бұзылыстардың көптеген симптомдарын науқастың сөзінен анықтауға болады (психикалық автоматизм көрінісі, жабысқақ ойлар және қорқыныш, сандырақ ойлар, көптеген алдамшы сезімдер, деперсонализациялық және дереализациялық бұзылыстар және т.б.).

Кейбір психикалық бұзылыстарда науқастарды бақылау кезінде олардың мінез-құлқына қарап күдіктенуге болады (есту галлюцинациясы, науқастар бір нәрсені естігендей болады, соңына түсу сандырағы – күйзеліске түскен

және қорқынышты күйде және т.б). Шұғыл қозуда, ступорда, сана бұзылыстарында науқастың жағдайы жақсарғаннан кейін сұрастыру керек. Психотикалық жағдайдағы науқастармен оның туыстары және жақындарынан ол туралы алдын ала ақпарат алған соң әңгімелесу тиімді, бірақ психотикалық емес бұзылыстары бар науқастарда науқастың дәрігерге сенімін арттыру үшін алдымен өзінен сұрастыру жүргізу керек.

Сауалнама жүргізу үшін психиатрдың кәсіби тәжірибені жинақтау процесінде алынған кейбір дағдылары болуы қажет. Бір жағынан , науқасқа сөйлеуге үнемі мүмкіндік беріңіз, екінші жағынан бастама әрқашан дәрігердің қолында болуы керек. Белгілі бір схеманың болуы мүмкін емес. Науқасты сұрастыру психиатрға шағым беріп келген уақыттан бастау қажет. Дәрігерден үнемі шыдамды, мейірімді болуын және науқас нағыз дұшпандық қарым-қатынас көрсетседе дәрігердің сүйіспеншілік танытуы міндетті. Алайда үнемі ашық танысуға жол бермеу және ара-қашықтықты міндетті түрде сақтау қажет. Науқастан сұрастырудың мақсатын жасырмау керек, кейде науқаспен дәрігер –психиатр емес басқа біреу болып танысу ұсынылады. Науқас қойылған сұрақтарға жауап беруден бас тартқан жағдайда сұрақ қойылуы және оның қойылған сұраққа реакциясын бағалау маңызды.

Сұрастыруға науқас айналасында болып жатқанды қаншалықты түсінетіндігін, орынға және уақытқа бағдарын, өміріндегі маңызды оқиғаларды есте сақтауын, дәрігерге деген қатынасын анықтау кіреді. Науқастан өзге адамдар арасында психикалық бұзылуларға күдік тудыратын іс – әрекеттері жайлы түсіндіруін сұрайды.

Егер науқас өзінің ауыр уайымдарын айтпаса,оның мінез-құлқына немесе оған қатысты алынған ақпаратқа негізделі отырып, галлюцинация ,сандырақ және басқада бұзылыстар туралы жаңа сұрақтар қойылады. Науқастан қазіргі уақытта ғана емес, бұрыннан да суицидтік ойлары болғаны не болмағаны туралы сұрақ қою әрқашан пайдалы. Науқастан барлық ауыр сынақтарға және мінез-құлқы ерекшеліктеріне көзқарасын білу маңызды:сыни көзқарастың болмауы, жартылай, тұрақсыз немесе жеткілікті көзқарастың болуы.

Субъективті анамнез. Мәліметтер науқастан сұхбат кезінде жиналады. Аурудың анамнезінде алғашқы белгілерінің қандай және қашан пайда болғаны, онда қандай оқиғалар болғаны, бұл көріністер қалай өзгергені, белгілерінің қашан жойылғаны және т.б анықталады. Өмір анамнезінде: қандай отбасында өсті, ата-аналары кім, қалай оқыды, балалық және жасөспірім жасында қандай заңсыз әрекеттер жасағаны (үйден қашу және т.б) сұралады. Ішімдікке салыну, есірткі және басқада психобелсенді заттарды қолданғаны, қанша жасында қолдана бастағаны, қаншалықты қарқынды болғанын анықтау өте маңызды. Науқас өзінің әлеуметтік мәртебесінде – отбасы және жұмыс жағдайын бағалауы: қанғаттандырылуы, ауыртпалықтың болуы және не жетіспейтіндігі маңызды. Науқастардан өткен өмірі жайлы, өткен өміріндегі ең ауыр деп санайтын оқиғалар, оларды қалай бастан кешіргені, суицидтік ойлар мен

әрекеттер болғандығын сұрастыру қызығушылық тудырады. Соматикалық анамнезінде, басынан өткізген ауыр аурулардан басқа, бас-ми жарақаты, тіпті сананың жоғалуы, нейроинтоксикация, милық инфекциялар және аллергиялық реакцияларға бейімділік жайлы ақпараттарды ескеру қажет.

Объективті анмнез - туысқандары мен достарынан және науқасты жақсы білетін басқа адамдардан алынған ақпарат. Бұл ақпараттарды басқалардан оқшау, әрбірінен жеке алған дұрыс. «Объективті» деген атау шартты болып табылады, себебі оның әрбір баяндаушысы науқасқа субъективті көзқарас танытады. Дәрігер фактілерді анықтап және біреудің көзқарасын түсінуге тырыса отырып, әңгімені басқарып отырады. Ауру анамнезінде жиналады: ауру белгілері қандай және қашан пайда болды, себебі не болуы мүмкін, сонымен қатар өмір анамнезін жинайды: тұқымқуалаушылық ақпараттары (психикалық аурулар, кемақылдылық, алкогольизм және нашақорлық, туысқандарының арасында суйцидтік жағдайлар, сондай-ақ олардың арасында ерекше характерлі адамдардың болуы). Ата-аналарынан баланың даму ерекшеліктерін білуге болады. Әрі қарай оларға науқасқа қойылған сұрақтар қайта қойылады. Науқастың неге үнсіз қалғанын және басқа қандай ұсынысдар науқасқа көмектесетінін анықтау да маңызды.

Науқасты қарау

Психиатрдың қарауы әдеттегі соматикалық қараудан өзгеше. Зақымдалған іздерді анықтау (көгерулер, тері сыдырылулары, бұрынғы күйген және кесілген шрамдар, көптеген инъекциялар, мойнынан тұншықтырылған терең іздер) және келесі зерттеулерге не маңызды екенін анықтап, оларды ауру тарихына сипаттайды. Егер психиатриялық ауруханаға құжаттары жоқ белгісіз адам түссе, онда оның негізгі сыртқы бейнесі сипатталу керек: бойы, дене бітімі, көзінің және шашының түсі, шамамен жасы, қалы, денесіндегі татуы және шрамы, сонымен қатар физикалық мүгедектігі болса.

Неврологиялық қарау жүйке аурулары оқулықтарында жазылған ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Соматикалық қарауда шағым жасауға қабілетсіз науқастарға мұқият болу керек. Кебір сандырақтың түрлерінде науқастар соматикалық бұзылыстарын әдейі жасырады.

Егер науқаста шұғыл қозу және қарауға қарсылық білдірген жағдайда, бұл ауру тарихына жазылады.

Науқастың мінез-құлқын бақылау

Бұл мінез-құлқты бақылайтын дәрігер ғана емес. Ауруханада орта медициналық қызметкерлер арнайы күнделік арнайды, онда әр ауысым уақытында ауыр немесе қатаң қадағалау кезінде әрбір пациенттің мінез-құлқын сипаттайды. Кейбір науқастарға қажет болған жағдайда ғана жазбаларды енгізеді (режимді бұзу, қақтығыста, тағамнан бас тарту кезінде немесе психикалық бұзылыстардағы айқын сыртқы көріністері кезінде). Дәрігер науқаспен алғашқы қарым - қатынаста бақылауды бастайды.

Науқаста қозу кезінде оның ерекшеліктерін бақылайды: мақсатты әрекеттері немесе мағынасыз стереотипті қайталанатын қозғалыстары, көтеріңкі дауыс, бет-әлпеті, айналасына реакциясы. Баяулаған (при заторможенности) кезеңде оның дәрежесін бағалау қажет. Әңгімелесу уақытында науқастың дауыс интонациясының ерекшелігін (монотонды, қайғылы және т.б), бет – әлпетінің өзгеруі, ишара-ым, сондай-ақ сөйлеу ерекшеліктері (жылдам, баяу, кешіктіру, тыныш және т.б). Науқастың мінез-құлқынан галлюцинациялар айқын көрінуі мүмкін (науқас бірнәрсеге мұқият назар аударады, тыңдайды, сыбырлайды) және сандырақ, аса күдік пен қорқыныш, кез – келген адамға күтпеген агрессия көрсетеді.

Психологиялық тексеру - медициналық психологтар немесе медициналық психология бойынша арнайы дайындықтан өткен дәрігер мамандар жүзеге асырады. Бұл тексеруде – қабылдау, есте сақтау, назар аудару, ойлау, интеллект және тұлғаның өзін-өзі бағалаудағы психикалық бұзылыстарын анықтайды.

Клиникалық зерттеу кезінде әлі анықталмаған, бастапқы, аз көріністі бұзылыстар өте маңызды. Мысалы, шизофренияның бастапқы сатысында ойлаудың бұзылуы болмаған кезде, арнайы әдістердің көмегімен жалпы процестің сипаттамалық бұрмалануы анықталуы мүмкін. Назар аудару мен есте сақтаудың атеросклеротикалық нәзік бұзылуларын тек арнайы психологиялық әдістер арқылы орнатуға болады. Ақыл-ой кемістігі бар науқастарда оңалту (реабилитация) мақсатында қолданылатын психологиялық зерттеулер, науқасқа қажетті ең қауіпсіз аспектілерді, дағдыларды және қабілеттерді бағалауға мүмкіндік береді. Арнайы әдістер науқастардың жасырып қалғысы келетін ауыр қиындықтарын анықтау үшін қолданылады, мысалы жасырын депрессия немесе психотравматикалық жағдайларда. Науқасты психологиялық сараптамаға бағыттау үшін ең алдымен, дәрігерді қызықтыратын сұрақтарды - интеллект деңгейін, ойлау бұзылыстарын, шизофренияға тән психикалық бұзылулардың болуын, мидың органикалық зақымдануына тән есте сақтау және назар аудару бұзылыстарын, невроздар мен психопатияларға тән ерекшеліктерді және т.б анықтауға мүмкіндік беру керек. Интеллект деңгейін бағалау көбінесе Векслер сынағының көмегімен жүргізіледі. Сауалнама жүргізу мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ресми түрде интеллектуалдық коэффициент «ай кью» (IQ-Intellectual Quotient) деп қабылдады. Орташа көрсеткіш 100, бірақ дамыған елдердің заманауи сау тұрғындарында халықтың көпшілігі 100-ден асады. 90-нан 70-ге дейінгі мәндер шекаралас аумақ болып саналады, «төмен қалыпты», бірақ кемақылдылық деп қарастырылмайды. 70 – тен 50-ге дейін дебильді кемақылдылық, ал 50-ден төмен имбецильділік және терең кемақылдылық болып саналады.

Есте сақтау бұзылыстарын мағыналас емес 10 сөзді есте сақтау тәрізді қарапайым әдістермен бағалауда болады. Оларды бірден айтқызу (қысқа уақыттық есте сақтау) және бірнеше сағаттан кейін айтқызу (ұзақ есте

сақтау) арқылы тексеруге болады. Қысқа әңгімелерді (мағыналық есте сақтау) немесе суреттерді сипаттап (көру есі) айтып беруі арқылы бағалауға болады.

Науқас айтпаған психотравмалық факторлары мен ауыр күйзелістерін анықтау , аурудың диагностикасы,болжамы және психотерапиясы үшін өте маңызды.

Бұл үшін көбінесе жобалық әдістер қолданылады. Олардың арасында ең танымалы «аяқталмаған сөйлемдер» әдісі. Тексерілушіге «Тұрмыстағы өмір мен үшін», «Нағыз дос,ол....» деген сияқты сөйлемдерді айтып , оны жалғастыруын сұрайды. Сондай – ақ , «Тақырыптық сынақ тесті»- де қолданылады . Бұл әдісте түрлі жағдайларды бейнелейтін суреттер немесе тақырыптар беріп, оны түсіндіруін сұрайды (мысалы, «Өтіп бара жатқан автокөлік жолаушыға балшық шашты»).

Отбасышілік қарым-қатынасты бағалау психологиялық диагностиканың бір әдісі. Балаларға отбасының суретін салуды ұсынады. Сурет парақшасында отбасы мүшелерінің қайда орналасқанына байланысты,оларды баламен және отбасында өзара қарым-қатынасын түсінуге болады.

Медициналық психолог дәрігер - психиатрға науқастың психологиялық сараптамасының нәтижелерін және оларды түсіндіруді ұсынады. Бұл деректер клиникалық диагнозға көмекші материал ретінде ғана қызмет етеді, олардың түпкілікті бағасы дәрігерде қалады.

Нейрофизиологиялық зерттеу

Нейрофизиологиялық зерттеу әдістерінің арасында психикалық бұзылыстары бар науқастарды зерттеу үшін көбіне электроэнцефалография, сирек реоэнцефалография және эхоэнцефалография қолданылады.

Нейрорентгенологиялық зерттеу

Краниография – бас сүйектерінің рентгенограммасы – жанама белгілер арқылы бас миының органикалық зақымдануларын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, саусақ батуы іздерінің терендеуі - ұзақ уақыт бас сүйек ішілік қысымның жоғарылауының белгісі болып табылады.

Пневмоэнцефалография (ПЭГ) – бас миының рентгенограммасы, ми-жұлын сұйықтығы орналасқан кеңістіктерге бел омыртқааралықтарын немесе ми қарыншаларын тесу арқылы ауа жіберу әдісі. Бұл әдіс арқылы ми қабықтарындағы жабысу процестерін, кейбір ісіктерді, атрофиялық өзгерістерді анықтауға болады. Компьютерлік томография әдісі пайда болғаннан бері бұл әдісті ескірген деп қарастыруға болады.

Церебральды ангиография – ұйқы артериясынан контрастты немесе радиоактивті заттарды жіберу арқылы жүзеге асырылатын рентгенографиялық зерттеу әдісі. Бас миы қан тамырларының

зақымдануларын, сонымен қатар бас миының локальды зақымдануларын (ісіктер және т.б.) анықтауға мүмкіндік береді.

Бас миының компьютерлік томографиясы – бастағы тығыздығы әр түрлі анатомиялық құрылымдардың рентген сәулесін сіңіру көрсеткішін өлшеуге негізделген. Электронды есептеу техникасы мен жабдықталған томограф арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдіс арқылы бас миының ісіктерін, атрофиялық процестерді, кисталар мен абсцестерді және т.б. анықтауға болады.

Психиатриялық ауру тарихы

Ауру тарихы тек медициналық емес, сонымен қатар заңды және ғылыми құжат болып табылады. Психиатриялық ауру тарихы өзіндік ерекшеліктерге ие.

Паспорттық бөлімде, мысалы, тек науқастың ғана мекен-жайы емес, сонымен қатар оның жақын туысының тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы мен телефон номері көрсетілуі тиіс. Біріншілік қарауда кімнің айтуымен және не себепті психиатрға қаралғаны немесе науқастың жатқызылуы анықталуы керек. Ары қарай біріншілік қарауда психикалық статус бейнеленеді: қоршаған ортаға бағдары, сана бұзылыстарының белгілері, ес, ойлау, қабылдаудың бұзылыстары . Науқастың шағымдары ғана емес (егер ол шағымдарын айтудан бас тартса, ол да көрсетілуі керек), сондай ақ науқастың сандырақтық және жабысқақтық идеялары, кимыл және сөйлеу бұзылыстары сипатталып жазылады. Науқастың өзін ұстауы мен айтуының критикалық дәрежесі бағаланады.

Жазылған мәліметтерді қажетсіз ақпараттармен толықтырмау қажет (мысалы, ересек науқастардың балалық шақта басынан өткерген асқынусыз жұқпалы аурулары) немесе бұл синдромда болмауы мүмкін симптомдардың жоқтығын көрсету (мысалы, эйфория жағдайындағы науқастарда суицидальды ойлардың болмауы). Сипаттамаларда тек бір психиатриялық терминология қолданылуға болмайды (« науқаста соңына түсу сандырағы », « есту галлюцинациялары бар » және т.б. деген сияқты), науқастың айтуын немесе оның іс-қимылын сипаттау қажет. Бұл арқылы белгілі бір бұзылыстардың констатациясы анықталады.

Егер науқастың айтуы бойынша анамнез жинау мүмкін болса, онда ол статустан кейін жазылады (анамнездің қандай жағдайда жиналғандығы көрінуі үшін). Егер бұл мүмкін болмаса, анамнезді кейін науқастың жағдайы жақсарған кезде толтырады. Егер науқасты жақындары алып келсе, онда мәліметтерді туыстарының сөзі бойынша жинайды.

Науқасты қарауға неврологиялық тексеру мен соматикалық статусты анықтау кіреді.

Күнделікті жазбаларға науқастың шағымдары, оның іс-әрекеттерін бақылаудағы нәтижелер, мамандар консультациясы, лабораториялық зерттеулер және барлық емдік шаралар кіреді. Жазбалар жиілігі науқастың жағдайына байланысты анықталады - жедел және өмірге қауіпті жағдайларда тәулігіне бірнеше реттен (сағаты көрсетіледі), созылмалы стационардағы науқастарда аптасына бір ретке дейін.

Үй жағдайындағы демалыста келу және кету сағаты мен күні туралы, қолға берілген дәрі-дәрмектер, демалысқа дейінгі және демалыстан кейінгі науқастың психикалық жағдайы, сондай-ақ (туыстарының айтуы бойынша) үйдегі өзін-өзі ұстауы туралы мәліметтер жазылады.

Егер де науқас бұрын басқа психиатриялық мекемелерде емделген болса, онда сол мекемеден медициналық мәліметтер сұралады. Шығарылған кезде ауру тарихы қысқа түсініктеме беретін эпикризбен аяқталады. Бұл берілген эпикриздің көшірмесі әдетте, басқа психиатриялық мекеменің сұранысымен жіберіледі және медициналық ақпарат ретінде қолданылады. Ауру тарихының өзі тек прокурордың немесе соттың талабы бойынша олар жіберген қызметкерлердің қолхатымен беріледі.

Психиатриялық көмектің құрылымы.

Психиатриялық көмек көрсету кез келген мемлекетте психикалық науқастың құқықтық мәселесін шешпей жүзеге асырылмайды. Психологияның әртүрлі саласында кең көлемді экспериментальды психологиялық әдістері қолданылады. Халыққа психиатриялық көмек көрсету стационарлы және амбулаторлы шарттарда жүргізіледі.

Стационарлық психиатриялық көмек.

Стационарлық ем көрсеу психиатриялық ауруханаларда және көп салалы ауруханалардың психиатриялық бөлімшесінде жүргізіледі. Бұл бөлімшелер арнайы белсенді терапия мен оталық емге көрсеткіш болатын, шектелген психопатиялық емес аурулары бар (невроз, психосоматикалық аурулар, невроз тәрізді немесе цереброастениялық бұзылыстар) және психозбен зардап шегетін және соматикалық аурулары қосарланған науқастарды емдеуге арнайы мамандандырылған болады.

Психиатриялық ауруханаларда науқастар территориялық принцип енгізілген: науқастар белгілі бір ауданнан немесе участоктан дәл сол психоневрологиялық диспансерге және дәл сол бөлімшеге жатқызылады (осылайша бұл мекемелер арасында емдеу сабақтастығы орындалады).

Мұнан басқа, шектелген науқастарға, қарт адамдарға және балаларға арнайы бөлімшелер бар.

Соңғы жылдары психиатриялық ауруханаларда арнайы психореанимациялар жасалуда.

Балалар және жеткіншектер бөлімшесінде балалар тек ем алып қоймай, сонымен бірге жаппай мектеп бағдарламасын оқу жүргізіледі.

Психиатриялық ауруханалар соматикалық ауруханалардағыдай шарттар мен режим жасауға тырысуда. Психиатриялық ауруханаларда науқастар ұзақ уақыттық ем алатындықтан, онда арнайы демалу орындары, еңбек терапиялары, музыкалық үйірмелер және т.б болуы қажет. Бөлімшенің барлық бөлмелері науқастарға қарайтын күтімгерлерге ыңғайлы жағдай жасалуы қажет.

Ауруханадан тыс науқастарға көмек көрсету.

Ауруханадан тыс науқастарға көмек көрсету үш түрлі бағытта орындалады: науқастарға психоневрологиялық диспансерде көмек көрсету; көмек көрсетудің жаңа түрі науқастары есепке алмастан консультативті психиатриялық көмек көрсету; көмек көрсету диспансерден тыс, жалпы медициналық көмек көрсету жүйесінде емханалардың психиатриялық кабинеттерінде және медико санитарлық бөлімдерінде жүргізіледі. Бұл мекемелерде шектелген бұзылыстары бар науқастарға көмек көрсету және басқа психикалық аурулары бар науқастарды ерте анықтауға бағытталған.

Психоневрологиялық диспансерден басқа ауруханадан тыс көмек күндізгі стационарда жүргізіледі. Онда науқастар таңертең келеді және қажетті емін алып, еңбек процесстеріне, ойын сауықтарға қатысып кешке үйіне жөнелтіледі.

Сонымен қатар кешкі стационарлар жұмыс жасайды. Онда науқастар кешкі уақытта жұмыстан кейін және түнгі уақытта өткізеді. Осы уақытта науқастарға инфузионды терапия, иглотерапия, емдік массаж секілді емдік шаралар өткізіледі. Таңертең науқастар жұмыстарына бара алады.

Өртүрлі невротикалық аурулары бар балаларға емдік терапиямен бірге мектеп оқуын үйрететін, санаториялық мектептер қарастырылған. Психикалық денаулығын қалыпқа келтіру үшін науқастарға еңбек және демалу режимін, таза ауада ұзақ уақыт серуендеу және дене шынықтырумен айналысуы қажет. Санаториялық мектепте балалар бір тоқсан ем ала алады.

Әлеуметтік қамтамасыз ету орталықтарына психоневрологиялық интернаттар кіреді. Онда созылмалы психикалық аурулары бар науқастар ем алады.

Мектеп жасына дейінгі ОЖЖ зақымдалуы және кекештенуі бар балаларға арнайы ясли балабақшалары жұмыс жасайды. Онда тәрбиешілермен қатар дәрігер-психиатр, психолог пен логопедтер жұмыс жасайды.

Психоневрологиялық диспансердің міндетіне науқасқа ем көрсету, компульсивті және әлеуметтік көмек көрсету жүргізіледі.

Диспансерде психикалық аурулары бар мүгедектерге емдік еңбектік жұмыстары жүргізіледі. Онда науқастарға жүйелі ем көрсету, тамақтануын қадағалау және аздаған ақша табуларына мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары суицидпен күресумен арнайы қызметтер жасалуда. Әрбір қалада ауыр өмірлік қиындықтары бар психикалық жағдайдағы науқастар немесе суицид туралы ақпаратты білушілер «Сенім қызметіне» хабарласа алады. Психиатриялық көмекті арнайы дайындықтан өткен психиатрлар мен психологтар қызмет көрсетеді.

Психотерапиялық және психологиялық көмекті үлкендер мен ересектерге жалпы соматикалық емханаларда арнайы кабинеттерде жүргізіледі. Үлкен қалаларда суицидалды әрекеттердің алдын алу мақсатында арнайы, кризистік бөлімшелер жұмыс жасайды.

Ауылдық жерлерде ауылдық ауруханаларда және аудандық емханаларда, орталық аудандық ауруханаларда арнайы психиатриялық кабинеттер жұмыс жасайды.

Сараптама түрлері

Азаматтық процесте сот-психиатриялық сараптама жүргізу кезінде, құқыққа қабілеттілік және іс-әрекетке қабілеттілік ұғымдары қолданылады.

Құқықтық қабілеттілікке азаматтардың жеке меншік мұрагерлік құқығы, мұрагер болу және мұрагерлікке өсиет қалдыру , авторлық құқықтар кіреді.

Азаматтардың іс-әрекетке қабілеттілігі – бұл азаматтардың өз құқықтарын иеленуіне және жүзеге асыруға, өздерінің азаматтық міндеттерін құруға және оларды жүзеге асыруға қабілеттілігі болып саналады. Азаматтық қабілет 18 жасқа толған кезде, яғни, ересек адам болғанда жүзеге асырылады.

Азаматтық кодекске сәйкес құқықтық қабілет азаматтарға өз іс-әрекетінің мағынасын түсінетін және оларды басқара алатын психикалық жай-күйді қамтамасыз етеді, яғни ақыл-парасаты және есте сақтау қабілеті сау болуы керек.

Іс-әрекет қабілеттілігі медициналық және заңдық критерийлерді қамтиды. Медициналық критерийлер – бұл психикалық бұзылулардың болуы. Заңдық критерийлер- бұл психикалық бұзылулардың сипаттамасы мен тереңдігін көрсетеді, яғни, адамның өз іс-әрекетін басқара алуға және өз іс-әрекетін түсінуге қабілетті немесе қабілетсіздігін анықтайды. Адамды қабілетсіз деп тану үшін екі критерий орын алуы қажет. Маңызды критерий – бұл құқықтық критерий болып саналады, себебі ол психикалық бұзылулардың ауырлығын көрсетеді, бұл олардың өз іс-әрекеттерін түсінуге және оны басқара алуға қабілетсіз екендігін дәлелдейді.

Әскери психиатриялық сараптама келесі санаттағы азаматтардың денсаулығына қойылатын әртүрлі талаптарды көздейді:

- I - бастапқыда әскери қызметке шақыру туралы әскери есепке алу үшін;
- II – әскери қызметкерлер, шақырту бойынша әскери қызметте жүргендер;
- III - әскери қызметкерлер, шарт бойынша әскери қызметте жүргендер;
- IV - суасты қайықтарында әскери қызметін өткеріп жатқан қызметкерлер, суасты қайықтарында әскери қызметті өтеуге жоспарланғандар.

Әскери қызметке жарамдылықтың келесі категорияларын бөлуге болады:

- A. Әскери қызметке жарамды
- B. Әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды
- C. Шектелген, бірақ әскери қызметке жарамды
- G. Әскери қызметке уақытша жарамсыз
- D. Әскери қызметке жарамсыз

Осылайша, эпилепсияның , шизофренияның барлық түрлерімен зардап шегетін барлық тұлғалар және психикалық бұзылулары айқын білінетін тұлғалар әскери қызметке жарамсыз деп танылады.

Дәрігерде сараптама жүргізу барысында екі сұрақ туындайды: біріншіден , аурудың ауырлық дәрежесі мен өткірлігі, клиникалық көріністері, сондай-ақ науқастың зақымдалған функцияларының маңыздылығы, оның жұмыс істеуге қабілетінің жоғалуы немесе төмендеуі; екіншіден, еңбекке қабілеттілігін жоғалтуы, уақытша немесе тұрақты мүгедектіктің болуы.

Осы екі мәселені шешу науқасқа қатысты сараптамалық тактиканың дұрыстығын, науқасқа арналған демалыс парағын беруді, стационарлық емделуді немесе тексеруден өтуді , нақты мүгедектік тобын анықтау үшін ЕМСК-ге (еңбекке медициналық сараптама комиссиясы) жолдаманы беру туралы ұсыныстарды анықтайды.

Егер науқастың жұмысқа қабілетінің тұрақты жоғалуы мүмкін болса, дәрігер-сарапшы мүгедектіктің 3 тобына сәйкес оның дәрежесін анықтауы қажет.

Қабылдау бұзылыстары

Түйсік (ощущение) бұл - қоршаған ортадағы болып жатқан құбылыстардың және объектілердің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен, заттар мен құбылыстардың жекелеген сапасы мен қасиеттерін бейнелейтін құбылыс. Түйсік – танымдық процестің ең қарапайым түрі.

Қабылдау – бұл қоршаған ортадағы құбылыстар мен объектілердің біздің сезім мүшелерімізге тікелей әсер етуінен, заттар мен құбылыстарды тұтастай бейнелейтін құбылыс (адам гүлді тұтастай қабылдайды , оның түсі мен пішінін көреді, жапырақтарының нәзітігін, иісін сезеді) . Қабылдаудың қасиеттерінің бірі - ақпаратты жедел сақтауға мүмкіндік береді.

Танымның бұзылысы –сенестопатия (лат. Sensus - сезім, сезіну, грек. Pathos - ауру, зардап шегу) деп аталады. Сенестопатия – бұл соматикалық патологияларға байланыссыз дененің әртүрлі бөліктерінде немесе ішкі мүшелердегі ауыртпалықты сезіну, ауырсыну сезімі, қысым, күйдіру, бұралу, қысқару тәрізді патологиялық жағымсыз сезімдерді сезіну.

Алгезия – ауырсыну сезімінің бұзылысы. Осындай симптом кездескенде міндетті түрде неврологиялық бұзылыстарды тексеріп, алып тастау керек.

Анестезия – сезімталдықтың жойылуы, ол жеке экстерорецепторлардың (жиі жеке аймақтардағы жанасу сезімінің жойылуы, көру не естудің бір жақты немесе екі жақты жойылуы) зақымдалуынан немесе бірнеше экстерорецепторлардың (есту мен көрудің бір мезгілде төмендеу не жойылуы) бір уақытта зақымдалуынан болады. Осындай патологиялар жиі истериялық сипатта болады, сондықтан науқасты мұқият объективті тексеру, неврологиялық (терілік анестезияда, мысалы , сезімі жоғалған аймақ иннервация аймақтарына сәйкес келмейді) тексеру, сондай-ақ басқада арнайы әдістер арқылы тексеру қажет.

Гипестезия – сыртқы тітіркендіргіштерге сезімталдықтың төмендеуі. Дыбыстар анық емес, жарық күңгірттенгендей көрінеді, түстер –нашар,түссізденгендей қабылдау («айналасындағылардың бәрі сұр және жарық шамдары нашар жарқырайды»).

Гиперестезия - экстерорецепторлардың тарапынан жеке анализаторларға (гиперосмия-қарапайым иістерге өткір төзімсіздік, гиперакузия –қарапайым дыбыстардың өзіне төзе алмау) немесе бірнеше анализаторларға (мысалы, жарық та, дыбыс та өте күшті болып көрінеді) қатысты сезімталдықтың күшеюі, өткірленуі.

Синестезия – сезімталдықты қабылдаудың ерекшелігі, ол бір анализаторға жіберілген сыртқы тітіркендіргіш басқа бірнеше анализаторлардың бір мезгілде жауап беруін тудырады. Атақты француз ақыны Бодлер иістердің, дыбыстар мен түстердің бірігуін сезінген,бірақ шын мәнінде бұл уақытта ол тек иісті сезінеді. Тағы француз ақыны Артюра Рембо – дауысты әріптер белгілі бір түстерді бейнелейтінін сезінген: «а»- қараны, «е»-ақты, «о»-көгілдірді.

Синестезия патология ғана емес, ол қалыпты адамдарда да кездеседі,мысалы музыканттарда, ақындарда,суретшілерде. Олар психотомиметикалық дәрілердің әсерінен уақытша патология ретінде пайда болуы мүмкін.

Иллюзия – айналадағы нақты заттар мен құбылыстарды жалған (бұрмаланған) түрде қабылдау.

Иллюзиялық қабылдау физика заңдарының бірінің көрінісі ретінде немесе сол сезім мүшесінің не басқа сезім мүшелерінің жетіспеушілігінің салдарынан психикалық денсаулығы қалыпты адамдарда да кездесуі мүмкін.

Иллюзия психикалық бұзылулармен байланысты, оны аффективті немесе аффектогенді, вербальды және парэйдолиялық деп бөледі.

Аффективті (аффектогенді) иллюзия бұл күшті қорқыныш, шамадан тыс жүйкенің тітіркенуі сияқты күшті сезімдердің әсерінен туындайды. Мұндай шиеленіс жағдайда адамдар мөлдір перделерді скелет қаңқасы ретінде қателесіп көреді, ілгіштегі пәлтө қорқынышты қаңғыбасқа ұқсайды, орындықтың артқы жағындағы галстук - жылан шабуылы тәрізді, желдеткіштің даусы өзіне жасалған қатерлердің шуы тәрізді естіледі және т.б.

Вербальды иллюзия (лат.verbalis –ауызша, ауызекі)сөздердің мағынасын дұрыс емес қабылдау, басқалардың бейтарап әңгімелерін, ол өзіне қатысты қатер, қарғыс, айыптау сияқты әңгімелер айтылып жатыр деп қабылдайды (қатты қорқыныш болғанда да кездеседі).

Парэйдолиялық иллюзия (грек.para – жақын,шамамен , eidoles – сурет,кейіп,образ) бұл шын мәнінде бар кескіндерді өзгертілген түрде әдетте таңғаларлық- фантастикалық түрде қабылдау. Мысалы, тұсқағаздағы өрнектерді – алып құрбақа , едендегі көлеңкені – қорқынышты кесірткенің басы , кілемдегі өрнектер – ешқашан көрмеген

керемет пейзаж, бұлттың сызықтары – көркем адамдар тобы сияқты көрінеді.

Иллюзияны сезім мүшелеріне байланысты бөледі, бірақ көбінесе есту және көрулік болады.

Галлюцинация – қабылдау бұзылысы, бұл негізінен психикалық қызметтің бұзылысы нәтижесінде есту, көру, сезіну бұзылысы. Жалпы айтқанда объектісіз қабылдау болып табылады.

Галлюцинацияға сағымды жатқызуға болмайды, өйткені ол физикалық тұрғыдан дәлелденген дүние.

Иллюзия секілді галлюцинациялар да сезім мүшелеріне байланысты бөлінеді. Әдетте есту, көру, иіс сезу, дәм сезу, тактильділік, жалпы сезім галлюцинациялары жатады, оған висцеральды және бұлшықеттік галлюцинацияларды жатқызады.

Сонымен қатар, комбинирленген галлюцинациялар болуы мүмкін (мысалы, науқас жыланды көреді, дауысын естиді және сезіне алады).

Барлық галлюцинациялар шығу тегіне байланысты шынайы және псевдогаллюцинациялар болып бөлінеді.

Шынайы галлюцинациялар бар, нақты объектіге байланысты проекцияланады (шынайы қабырғадан дауыс шығады, белгісіз жануар шынайы үстелге отырады), сондықтан науқастар көбінде өздерінің көз алдындағы көріністің шынайылығына күмән келтірмейді. Шынайы галлюцинацияларда науқастар тіпті шынайы объектіге қарағанда, көз алдындағы көрініске көбірек сенеді.

Псевдогаллюцинациялардың келесідей ерекшеліктері бар:
а) көбінде науқаста іштей пайда болады, әдетте басында (дауыс басының ішінен шығады, басының ішінде нашар сөздер жазылған карточка көреді);
б) псевдогаллюцинациялар науқастың денесінен бөлек проекцияланғанның өзінде шынайы галлюцинациялар сияқты нақты объектілік сипаттары болмайды. Сонымен қатар, галлюцинация кезінде нақты объектілер жоғалады, тек қана ойдағы образдар ғана болады.
в) псевдогаллюцинация кезіндегі жағдайлар науқастың тұжырымдауынша ойластырылған, жоспарланған әрекеттер болып табылады.

Псевдогаллюцинациялар негізінен, Кандинский Клерамбо синдромының бір бөлшегі болып табылады. Оған әсер ету сандырағы да кіреді, яғни науқастардың ойынша, болып жатқан дауыстарды, әрекеттерді "арнайы аспаптардың көмегімен", "дауыстар тікелей транзисторлар арқылы" әкелінеді.

Есту галлюцинациялары көбінесе науқаспен сөздерді, сөйлемдерді, дауыстарды (фонема), әңгіме, дыбыс, шуларды (акоазма) патологиялық қабылдаумен байланыстырылады.

Вербальды галлюцинациялар құрылымы бойынша әртүрлі болып келуі мүмкін: бір немесе бірнеше дауыстың сыбырлауынан (науқас аты жөнін "бір дауыс сыбырлап айтады") бірнеше, тіпті ұзақ сөйлемдерді айтумен де сипатталады.

Науқастар үшін қауіпті галлюцинацияның түрі императивті болып табылады, мысалы, науқас сөйлемеу жайлы немесе біреуді өлтіруге, ұруға, өзіне зиян келтіруге бұйрық алады. Бұл галлюцинациясы бар адамның психикалық қызметі патологиясының нәтижесі болғандықтан, науқас өзі үшін де, басқаларға да қауіпті болып табылады және мұндай науқастар бақылауға алынуы тиіс.

Дауыс галлюцинацияларында науқас не ойланса да, соны дауыс түрінде есіте алады.

Антогонистикалық галлюцинациялар кезінде науқас бір біріне қарама қарсы келетін екі дауысты естиді ("оның сазайын берейік", "жоқ, күте тұрайық, ол соншалықты нашар емес", "күтудің қажеті жоқ", "жоқ, қазір жасаудың қажеті жоқ").

Көру галлюцинациялары элементарлы түрде болуы мүмкін (зигзаг, жарық, түтін, жалын, яғни фотопсия), заттық түрде, бұл кезде шындығында жоқ жануарларды, жәндіктерді, кейде тіпті адам мүшелерін, адамдарды көреді.

Сонымен қатар, осы көріністер сцена түрінде де өтуі мүмкін, яғни персонаждар алысады, төбелеседі, ұрысады (панорамалық, кинотәрізді). "Көріністер" негізінен қарапайым көлемде, кіші микроскопиялық мөлшердегі адамдардың қатысуымен немесе тіпті макроскопиялық мөлшердегі адамдарды көруі мүмкін. Кейде науқас өзінің көшірмесін де көре алады (аутопсиялық, егіз галлюцинациясы). Кейде науқас көздің көру алаңынан тыс артқы жақтан бір затты көре алады.

Иіс сезу галлюцинациялары көбінде жағымсыз иісті сезу (науқас шіріген еттің, күйіктің, удың иісін сезеді), кейде мүлдем таныс емес иістерді, өте сирек жағымды иістерді сезеді. Иіс сезу галлюцинациясы бар науқастар кейде тамақтан мүлдем бас тартады. Олардың ойынша "тағам уланған", немесе "шіріген адам етімен тамақтандырады" деген ой туындайды

Тактильді галлюцинациялар денесінің бетіне бір нәрсе жанасып тұрған сияқты сезімде болуы, жану мен суықты (термиялық галлюцинация), біреу ұстағандай сезімде болуы (гаптикалық галлюцинация), денесінде сұйықтық ағып келе жатқандай сезімде болуы (ылғалды галлюцинация) денесінде бір жәндіктің жүріп келе жатқан секілді, оны тістеп немесе шағатындай сезімде болуы.

Висцеральды галлюцинация- өзінің ағзасында жануарлардың, құрттардың қандай да бір заттың болуын сезінеді (мысалы, «асқазанымда бақа отыр», «қуығымда жәндіктер көбейді» т.б)

Гипнотикалық галлюцинациялар— бұл көзге көрінетін қабылдаудың алдамшы бұзылыстары, әдетте кешке ұйықтар алдында көзді жұмғанда пайда болады. Бұл галлюцинациялар бір немесе бірнеше сахна тәрізді, кейде калейдоскопиялық сияқты сахнаға айналуы мүмкін (мысалы, «менің көзімде калейдоскоп бар», «менің енді жеке теледидарым бар»). Науқас адам қандайда бір бет- аузын тыржыйтқан, ұсақталған, оған тілін көрсетіп, көзін қысып тұрған құбыжық көреді.

Осындай галлюцинациялар кейде басқа өтпелі күйде яғни науқасты ояту кезінде пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ көздері жабық күйде де кездесетін галлюцинация - гипнопопиялық галлюцинация деп аталады. Бұл екі галлюцинация алкогольдік делирийді немесе басқа да интоксикациялық психозда жиі кездеседі.

Функциональдық галлюцинация - сезім мүшелеріне әсер ететін нақты тітіркендіру фонында дамитын және тек сол әсер еткенде пайда болады.

Сондай-ақ көру, жанау және басқа да галлюцинациялар болуы мүмкін.

Шынайы галлюцинациядан функциональдық галлюцинацияның ерекшелігі шынайы тітіркендірудің бар екендігінде, бірақ олар мүлде басқа мазмұнға ие, ал иллюзиялар - оларды шынайы тітіркендірумен қатар қабылдайды (ол дауысқа, көріністерге айналмайды).

Шақыру және сендіру галлюцинациялары.

Гипноз сеансы кезінде адамдарда галлюциаторлы алдамшы сезімдерге сендіруге болады, мысалы раушан гүлінің иісі шығып тұрғанына, оны арқанмен байлап тастағандығына сендіру. Галлюцинацияға айқын дайындықпен келген кезде, сезімдерді алдау галлюцинациялары пайда болмайды (мысалы, егер науқас басынан делирийді өткерген болса, әсіресе алкогольді делирийді).

Липман сипмтомы – науқастың көз алмасын жеңіл басу арқылы шақырылатын көру галлюцинациясы. Кейде басуды аздап күшейту ұсынылады.

Таза парак симптомы (Рейхарт симптомы) науқасқа таза паракқа мұқият қарауды ұсынады, кейін не көріп тұрғанын сұрайды.

Ашаффенбург симптомы науқастан өшірулі телефонмен сөйлесуін ұсынады, кейін науқастың есту галлюцинацияларына дайындығын тексереді. Соңғы екі симптомды анықтау барысында келесі сұрастыруларды жүргізуге болады: «Қараңыз, бұл сурет туралы не ойлайсыз?», «Бұл күшік қандай, сізге ұнайды ма?», «Телефондағы әйелдің дауысы сізге не хабарлады?».

Кейде сендіру галлюцинациялары индуцирленген қасиетке ие болады: дені сау, бірақ иланғыш, истериялық мінезі бар адамдар періштелер, ұшып жүрген заттарды көреді.

7. Бақылау

Бақылау сұрақтары:

- 1.Клиникалық зертеу тәсілдері: сұрастыру, бақылау.
- 2.Психиатриялық сұхбаттасу тәсілдерінің ерекшеліктері.
- 3.Дәрігер психиатрдың ролі мен стратегиясы.
- 4.Субъективті және объективті анамнез.
- 5.Диалогты басқару.
- 6.Симуляцияны, аггравацияны, десимуляцияны анықтау.
- 7.Соматикалық қарау.
- 8.Неврологиялық қарау.
- 9.Нейрофизиологиялық тәсілдер: ЭЭГ, РЭГ, МРТ, КТ.
- 10.Психологиялық тәсілдер.
- 11.Психиатриялық көмектің диспансерлік бөлімінің құрылымы (жедел психиатриялық көмек, күндізгі стационар, емдік-еңбектік бөлімдер, интенсивті психиатриялық көмек беру бөлімі, ауруханадан тыс реабилитация бөлімі, «көмекті тұрғынжай», ауруханалардан тыс жағдайларда психоэлеуметтік жұмыс бөлімі).
- 12.Психиатриялық көмектің стационарлық бөлімі.
- 13.Психиатриялық көмектің сапалық бақылануы.
- 14.Экспертиза түрлері.
- 15.«Есі дұрыс емес» түсінігі.
16. Іс-әрекетке қабілеттілігі.

Әдебиеттер

Психиатрия қазақ тілінде

негізгі:

1. Илешева Р.Г. Психиатрия. – Алматы, «Санат».-1998.-245б.
2. Құдиярова Ғ.М., Жарбосынова Б.Б. Психиатрия. - Алматы.: Қазақстан, 2008.-277б.
3. Құдиярова Г.М. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтар.- Алматы «Рауан».-1996.-205б
4. Дәріс материалдары.

қосымша орыс тілінде:

1. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Оқулық. -М.: Медицина. 2000
2. Коркина М.В., Лакосина Н.Д., Личко А.Е. /Психиатрия. - М.:Медицина, 1995;
3. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Учебник. – М., Медицина, 2007. -532с.

4. Иванец Н.Н., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия и наркология: учебник. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2006. – 832с.
5. Гавенко В.Л., Самардакова Г.А. Пропедевтика по психиатрии. Учебное пособие Ростов-на-Дону.2003.
6. Российское общество психиатров. Психиатрия. Национальное руководство. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2009. – 992с.

Электронды сайты:

1. medagent.ru/ist/
2. Pub.Med
3. www.spasmex.ru
4. www.webmedinfo.ru
5. medcompany.ru
6. meduniver.com
7. http://diagnos.ru/diseases/nerves/nonsleep

1. №2. Ойлау және интеллект бұзылыстарының клиникалық сипаттамасы.

2. Тақырыптың мақсаттары

- науқастың анамнезін жинауды;
- психиатриялық бұзылыстар симптомдарын анықтауды;
- әртүрлі жастағы науқастарда психиатриялық статусты бағалауды және анықтауды;
- ойлау және интеллект бұзылыстарын анықтауды.

3. Б1.1 ҒЫЛЫМИ, ЗЕРТТЕУШІ – БІЛІМІН ҚОЛДАНУ

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: перереквизиттерден және осы пәндерден алынған білімді қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: Психиатрия бойынша тақырыпқа сай презентацияларды ұсынуды, неврология, психиатрия және наркологияда қолданылатын зерттеу әдістерін дәлділікпен орындайды;

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді: іс-әрекетінде ғылыми жаңалықтардың құндылықтарын үйлестіреді.

Б 2.2 ДӘРІГЕР-КЛИНИЦИСТ (1) НАУҚАСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

Білім (когнитивті) домені:

Есте сақтайды: жүйелер бойынша зерттеу әдістерін сұрастыру, неврологиялық статус пен психостатусты зерттеу әдістерін есте сақтайды.

Түсінеді: Жүйелер бойынша патологиялардың негізгі клиникалық симптомдары мен синдромдарын;

Қолданады: науқасты тексеруде қазіргі кезеңдегі клиникалық – зертханалық және аспаптық тәсілдерді; науқаспен, оның туыстарымен, әріптестермен және басқа медицина қызметкерлерімен сенімді қарым-қатынас орнатуды қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: жүйке ауруларының: орталық және шеткілік патологиялық рефлекстерін, өзгерістерін анықтау және т.б. дағдыларды дәлділікпен жасайды.

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс-әрекетінің құндылықтарын үлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

Б.2.5. ПРОФИЛАКТИКА ЖӘНЕ РЕАБИЛИТАЦИЯ:

Білім (когнитивтік) домені:

- c) ми жарақатының аурулары
- d) мидың атеросклерозы
- e) эпилепсия

17.Псевдодеменция ... ауруында кездеседі.

- a) истериялық психоз
- b) сенильды психоз
- c) Корсаков синдромында
- d) психооргникалық синдром
- e) паралитикалық кемақылдылық

18.Эпилептикалық кемақылдылықтың белгісі - ... қабілетінің бұзылуы.

- a) ойлау
- b) зерде
- c) зейін
- d) эмоция
- e) әуестік

19.Шизофрениялық кемақылдылықта ... кездеспейді.

- a) ұмытшақтық
- b) ойының үзік-үзіктігі
- c) көңіл-қошының болмауы
- d) абулия
- e) апатия

20.Олигофренияның еміне ... жатады.

- a) тәрбие жұмысы
- b) электроталмалы терапия
- c) маляриотерапия
- d) инсулинотерапия
- e) атропинокоматоздық терапия

Әдебиеттер

Психиатрия қазақ тілінде

негізгі:

1. Илешева Р.Г. Психиатрия. – Алматы, «Санат».-1998.-245б.
2. Құдиярова Ғ.М., Жарбосынова Б.Б. Психиатрия. - Алматы.: Қазақстан, 2008.-277б.
3. Құдиярова Ғ.М. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтар.- Алматы «Рауан».-1996.-205б
4. Дәріс материалдары.

қосымша орыс тілінде:

1. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Оқулық. -М.: Медицина. 2000
2. Коркина М.В., Лакосина Н.Д., Личко А.Е. /Психиатрия. - М.:Медицина, 1995;
3. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Учебник. – М., Медицина, 2007. -532с.
4. Иванец Н.Н., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия и наркология: учебник. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2006. – 832с.
5. Гавенко В.Л., Самардакова Г.А. Пропедевтика по психиатрии. Учебное пособие Ростов-на- Дону.2003.
6. Российское общество психиатров. Психиатрия. Национальное руководство. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2009. – 992с.

Электронды сайты:

1. medagent.ru/ist/
2. Pub.Med
3. www.spasmex.ru
4. www.webmedinfo.ru
5. medcompany.ru
6. meduniver.com
7. <http://diagnos.ru/diseases/nerves/nonsleep>

1. №4 тақырып. Эмоциональды және ерік-жігер бұзылыстарының клиникалық сипаттамасы.

2. Тақырыптың мақсаттары:

- науқастың анамнезін жинауды;
- науқастың эмоциялық жағдайын анықтауды және бұзылыстарын коррекциялауды;
- науқастың қимыл-әрекеттерін анықтауды және бұзылыстарын коррекциялауды.

3. Б1.1 ҒЫЛЫМИ, ЗЕРТТЕУШІ – БІЛІМІН ҚОЛДАНУ

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: перереквизиттерден және осы пәндерден алынған білімді қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: Психиатрия бойынша тақырыпқа сай презентацияларды ұсынуды, неврология, психиатрия және наркологияда қолданылатын зерттеу әдістерін дәлділікпен орындайды;

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді: іс-әрекетінде ғылыми жаңалықтардың құндылықтарын үйлестіреді.

Б.2.2 ДӘРІГЕР-КЛИНИЦИСТ (1) НАУҚАСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

Білім (когнитивті) домені:

Есте сақтайды: жүйелер бойынша зертеу әдістерін сұрастыру, неврологиялық статус пен психостатусты зерттеу әдістерін есте сақтайды.

Түсінеді: Жүйелер бойынша патологиялардың негізгі клиникалық симптомдары мен синдромдарын;

Қолданады: науқасты тексеруде қазіргі кезеңдегі клиникалық – зертханалық және аспаптық тәсілдерді; науқаспен, оның туыстарымен, әріптестермен және басқа медицина қызметкерлерімен сенімді қарым-қатынас орнатуды қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: жүйке ауруларының: орталық және шеткілік патологиялық рефлекстерін, өзгерістерін анықтау және т.б. дағдыларды дәлділікпен жасайды.

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс-әрекетінің құндылықтарын үйлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

Б.2.5. ПРОФИЛАКТИКА ЖӘНЕ РЕАБИЛИТАЦИЯ:

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: психикалық аурулардың алдын алудың, психикалық бұзылыстар мен тәуелділік ауруларының психогигиенасы мен психопрофилактикасының негіздерін, қалыптастырудағы білімдерін қолданады.

Қарым қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс әрекетінің құндылықтарын үйлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

4. Тақырыпқа байланысты сұрақтар:

1. Физиологиялық және патологиялық аффекттердің айырмашылықтары.
2. Болымды эмоциялардың патологиялық күшею түрлері.
3. Болымсыз эмоциялардың патологиялық күшею түрлері.
4. Эмоциялардың төмендеу түрлері.
5. Эмоциялардың адекваттылығының бұзылыстарының белгілері.
6. Эмоциялардың тұрақтылығының бұзылыстары.
7. Депрессивті синдроммен жүретін аурулар
8. Бүркелген депрессиялар, түрлері.
9. Маниакальды синдром және сонымен жүретін аурулар.
10. Балаларда эмоция бұзылыстарының ерекшеліктері.
11. Науқастардың эмоциялық жағдайларын анықтау тәсілдері.
12. Тамақтану инстинктінің бұзылыстары. Олармен жүретін аурулар.
13. Өзін-өзі қорғау инстинктінің бұзылыстары. Олармен жүретін аурулар.
14. Жыныстық инстинктінің бұзылыстары. Олармен жүретін аурулар.
15. Мектептік дағдылардың даму бұзылыстары.
16. Гиперкинетикалық синдром.
17. Различия между маниакальды, гебефренді, кататоникалық қозудың айырмашылықтары. Олармен жүретін аурулар.
18. Кататоникалық және депрессивті ступор.
19. Жабысқақ, импульсивті, еріксіз құмарлықтар және қимыл-әрекеттер арасындағы айырмашылықтар.
20. Абулия мен қозғалыс тежелуінің айырмашылықтары.
21. Апатико-абулиялық синдром.
22. Кататоникалық синдром, клинические варианты.
23. Гебефрендік синдром.
24. Психомоторлы қозуды басу.
25. Тамақтан бас тартқан науқастарды тамақтандыру.

5. Оқу және оқыту әдістемесі

Науқастарды қарауға қатысу, тематикалық пациенттерді талдау, шағын топтарда жұмыс істеу, теңдесі жоқ білім беру, науқастарды емдеу, рөлдік ойындар, пікірталастар, кері байланыс.

6. Ақпараттық-дидактикалық блок

Эмоция (лат. – толғану)- әр адамға, оған әсер ететін тітіркендіргіш пен өз ісінің нәтижелеріні (қанағаттану, қанағаттанбау) маңыздылығын бейнелейтін, индивидтың субъективті боялған ой – толқулары түріндегі реакциялар.

Өз қажетіне қанағаттану барысына байланысты туындайтын оң эмоциялар бар – бұл қуанышты бастан кешіру, толқу, қанағаттану және

теріс эмоция – мақсатына жету барысындағы қиындықтарға уайымдау, ашулану, тітікену.

Аффект барысында эмоционалды реакциялар ғана емес аз уақытық ішкі күшті толқу сезімі де білінеді.

Физиологиялық аффект ажыратылады, сана бұлынғырлануына, автоматизм мен амнезияға байланыссыз туындайтын бұзылыс, мысалы ашу немесе қуаныш. Астениялық аффект – тез тұтанатын аффект, көңіл – күй, психикалық активтілік, өзін – өзі түсіну және өмірлік тонус төмендеуімен көрінеді. Стениялық аффект психикалық активтілік, өзін – өзі түсінудің жоғарылауымен күш қуатының артуымен түсіндіріледі.

Патологиялық аффект – қысқа әсерлі психикалық бұзылыс, ол әртүрлі тұрақты, аяқ асты болған психикалық травмалардың әсерінен туындайды, әсерінен жалпы әлсіздік, түсініксіз және жиі қатты түс, жартылай және толық амнезиямен көрінеді.

Патологиялық аффект туындауына ұзақ психотравмалық оқиғалар әсер етеді және патологиялық аффекттің өзі «соңғы тамшы» реакциясы түрінде туындайды.

Эксплозивтілік – жоғарғы эмоционалды қозғыштық, аффектің айқын көрінуіне бейімділік, күші жағынан адекватты емес реакция. Ашу реакциясы майда, маңызды емес себептерден де пайда болуы мүмкін.

Эмоционалды кептелу – пайда болатын аффективті реакция ұзақ уақытқа сақталып және ойлау мен әрекетке әсер ететін, жағдай. Басынан өткізген реніш сезімі адамда ұзақ уақытқа «кептеліп» қалады. Белгілі бір ол үшін эмоционалды маңызды болатын догмаларды қабылдаған адам, жағдайдың өзгеруіне қарамастан, жаңа қағидаларды қабылдай алмайды.

Амбиваленттік – бір адамға деген бір уақытта бір біріне қарама қарсы сезімдердің пайда болуы.

Сезімдерін жоғалту сезімі - болып жатқан оқиғаларға немқұрайлықпен қарау, психогенді “эмоционалды салдану” кезінде кездеседі.

Көңіл күй бұзылыстары симптомы

Көңіл күйді сол уақыт аралығында басым түсіп отырған және психикалық іс әрекетіне әсер ететін эмоционалды жағдай деп түсінеміз. Көңіл күйдің бұзылысы екі нұсқамен сипатталады: көңіл күйдің күшеюі мен әлсіреуі симптомдарымен. Көңіл күйдің күшеюі бұзылыстарына гипертимия, эйфория, гипотимия, дисфория, уайым, эмоционалдылық әлсіздік.

Гипертимия— жоғары көңілді, қуанышты көңіл-күй, өте жақсы физикалық сезінумен, барлық сұрақтарды шешудегі жеңілілікпен, өз мүмкіндіктерін асыра бағалаумен сипатталады.

Эйфория— көңіл-күйдің өте жоғарылауы, рахаттану, жоғары оптимизм, болып жатқан құбылыстарды толық емес бағалау.

Гипотимия— төмен көңіл-күй, уайымдық, өмірге қанағат болмау сезімдері, қазіргі өмір, өткен шақ пен болашақ сұр тонмен бейнеленеді.

Дисфория— өз-өзіне және қоршаған адамдарға деген қанағатсыздылық сезімімен сипатталатын, себепсіз, айқын басталатын көңіл-күйдің ызалы төмендеуі.

Уайым— ішкі тынышсыздық, қайғыны, жаман нәрселерді, катастрофаны күту сезімі.

Эмоционалды әлсіздік— лабилділік, көңіл-күйдің тұрақсыздығы, оның айқын емес құбылыстардың әсерінен күрт өзгеруі.

Эмоционалдықтың төмендеуі бұзылыстарына апатия, эмоционалды монотондылық, эмоционалды қатаю, эмоционалды ақылсыздық.

Апатия— өзіне, айналасындағы адамдар мен құбылыстарға көңіл бөлмеумен, арман-мақсаттарының болмауымен және толық іссізділікпен сипатталатын эмоционалды-ерікті сфераның бұзылысы.

Эмоционалды монотондылық— эмоционалды суықтық, барлық құбылыстарға, олардың эмоционалды маңыздылығына қарамастан, бірдей, суық көзқарастың болуы.

Эмоционалды қатаю— ең нәзік дифференцияланған эмоционалды реакциялардың жойылуымен сипатталады: деликаттылық, біреудің қуанышына бөлену сезімі жойылып, әдепсіздік, дәрменсіздік дамиды. Бұндай жағдай алкогольизмде, тұлғаның атеросклеротикалық өзгерістері кезінде байқалуы мүмкін.

Эмоционалды, немесе аффективті, ақылсыздық— эмоционалды реакциялар мен қатынастардың әлсіздігімен, сезімдер төмендеуімен, кейде сезімдердің толық жоғалуымен ал сипатталатын бұзылыс. Мұндай науқастар туыстарына да немқұрайлы және суық қарайды, әке шешесінің ауыруы мен өлімі оларды уайымдатпайды, кейде тек эгоистік қызығушылықтар ғана сақталады.

Эмоция бұзылу синдромдары

Депрессивті синдром депрессивті триадамен сипатталады: гипотомиямен, жабырқанқылық, қайғылы, мұңды көңіл күймен, ойлаудың тежелуімен және қимыл активтілігінің төмендеуімен көрінеді. Аталған бұзылыстардың көрінуі әртүрлі. Гипотимикалық бұзылыстар диапазоны жеңіл басылымнан, қайғыдан, терең сағыныштан яғни, науқас ауырлықты, кеудесінде ауру сезімін сезуден жоғары. Барлық нәрсе қараңғы түстерде қабылданады – қазіргі, бұрынғы және болашақ. Қайғы кейде тек рухани ауырсыну ретінде қабылданбай, жүрек тұсында ауыр физикалық сезім ретінде де сезіледі.

Ассоциативті процестердің баяулауы: ойының баяу және аз болуы, жағымсыз жағдайлармен: ауру, өзін-өзі кінәлау ойы байқалады. Ешбір жағымды жағдайлар ойының бағытын өзгерте алмайды. Сұрақтарға қиналып жауап береді, сұрақ пен жауап арасындағы пауза ұзақ болады. Қимылының аз болуымен және біртектілігімен қимыл әрекетінің баяулауы байқалады. Науқас қимыл үстінде бір қалыпта тоқтап қалуы мүмкін (депрессивті ступор).

Депрессивті аурулар ауыр қайғылы жағдай, амалсыздық, өмір сүрудің мақсатсыздығы, суицидалды ойлар қинайды. Депрессивті синдромға психотикалық варианттағы бұзылыстар: сандырақ ойлар өзін-өзі кінәлау, өзін-өзі кемсіту (параноидты депрессия) өзін-өзі өлтіруге дейін алып келетін жағдайлар да жатады.

Депрессивті синдром әдетте вегетативті соматикалық бұзылыстармен бірге жүреді: тахикардия, жүрек тұсындағы жағымсыз сезімдер, гипертензия тенденциясымен артериялдық қысымның өзгерітері, асқазан ішек жолындағы бұзылыстар, тәбеттің жоғалуы, дене массасының төмендеуі, эндокринді бұзылыстар. Бірқатар жағдайларда саматовегетативті бұзылыстардың айқындылығы соншалықты жоғары болуынан, өзінің аффективті бұзылыстарын жауып тастайды.

Депрессия құрамында әртүрлі компоненттердің басым болуына байланысты оны қайғы, уайым, апатиялық депрессия деп бөледі.

Үрейлі депрессия. Инволюциялық депрессияға тән. Дабыл және қорқыныш негізгі аффект болады. Науқастар үнемі катастрофа, қайғы сезімдерінде жүреді. Дабыл қайғысының құрамы жалпы диффузды қасиет құрайды. Қимыл-әрекеттің баяулауы емес, керісінше қимыл-әрекеттің қозуы байқалады яғни, науқастар бір орында отыра алмайды. Мұндай қозу жағдайындағыларды меланхоликалық раптуста: науқастар айқайлап, қайғырады, шыңғырып, ары-бері жүреді, еденде аунайды. Осы жағдайда оларға суицид жағдайына қауіп төнеді.

Апатиялық депрессия. Апатиялық, немесе адинамиялық, депрессия үшін тежелу әлсіздік, сылбырлық тән. Науқастар кейде айлап жатып қалады, ешнәрсеге қызықпайды, ешнәрсемен айналыспайды. Контактқа зауықсыз барады, ешбір шағым келтірмейді, олардың бар талабы, ешкім тиіспесе дейді.

Маскалы депрессия. Маскалы депрессияда (лавирлі, депрессиясыз депрессия) соматикалық симптомдар алдыңғы жоспарға шығып, ал психопатологиялық көріністер әлсіз және тек ұқыпты зерттегенде ғана анықталатын күйлер жатады. Бұл депрессияның клиникалық көріністері айтарлықтай әртүрлі болып келеді. Жүрек қантамыр жүйесі мен асқорыту жүйесі бұзылыстары жиі кездеседі. Жүрек, асқазан, ішек тұсындағы ауырсыну байқалады және ол ауырсынуар басқа дене бөліктеріне иррадация береді. Бұл бұзылыстар көп жағдайда ұйқы мен тәбеттің бұзылыстарымен бірге жүреді. Депрессиялық бұзылыстардың өздері анық болмайды, көбіне соматикалық шағымдардың астында бүркенеді. Депрессивті эквиваленттер депрессиялар дамуының бастапқы сатысы болып табылады деген тұжырым бар.

Маскалық депрессия кезінде:

1. Науқас ұзақ уақыт, тырысып және нәтижесіз түрлі дәрігерлерде емделеді.
2. Әртүрлі зерттеу әдістерін қолданғанда нақты соматикалық ауру анықталмайды.

3. Ем кезіне сәтсіздіктерге қарамастан , науқастар қалыпты түрде дәрігерлерді аралайды.

Маниакальды синдром

Маниакальды үштікпен көрінеді: эйфория (көңіл- күйдің адекватты емес көтерілуі), ассоциативті процестің жылдамдауы және бір әрекетке талпыну мақсатында қимылдық қозу. Науқастар әр нәрсеге кірісіп кетеді, түрлі жоспарлар құрады. Айқын байқалатын маниакальды күйлерде аса алаңдағыштық әсерінен олардың әрекеттерінің мақсаттылығы жоғалады, қимылдық қозу күшейе түседі. Бұл жағдайда науқастар өздерін жоғары бағалайды. Өздерінің керемет қабілеттілігі, дарындылығын жариялайды. Кейбір жағдайларда ұлылық сандырақтық идеялары дамуы мүмкін (шығармашылық, реформаторлық). Дегенмен маниакальды күйдегі науқастардың сандырақтық идеялары олардың аффективті күйлермен тығыз байланысты . Көңіл күйлері тек қуанышты болмай, ашушаң да болуы мүмкін, оны ашушаң мания деп атайды.

Маниакальды жағдайдағы науқастар әдетте соматикалық шағымдар келтірмейді, олар тек «рухани көтеріліс» сезініп қоймай, физикалық күштің жоғарылауын да сезінеді. Бұл жағдайда науқастар өз күштері мен мүмкіндіктерін қатты бағалап қою бейім. Әйелдер, үлкен жасына қарамастан, өздерінің керемет тартымдылығында сенімді, барлық студенттер мен дәрігерлер оларға ғашық деп ойлайды. Науқастар киімдерін безендіре бастайды, косметиканы өте жиі қолданып, айқыш ұйқыш сәнді шаштар жасайды. Маниакальды жағдайдағы науқастарда өлең құрастыруға, сурет салуға, ән айтуға , музыка жазуға қабілеттіліктер анықталып жатады. Әдетте маниакальды жағдайы неғұрлым аз көрінсе, соғұрлым істеген ісі продуктивті болады.

Бұндай науқастар үшін көптеген жоспарларды орындау мүмкіндігі шексіз болып көрінеді, ешқандай тосқауылдарды байқамайды. Науқастар оларды үлкен жаңалықтарды ашу күтіп тұр дегенге, маңызды қоғамдық проблемаларды шешуде рөл ойнай алады дегенге сенімі. Мұндай өз мүмкіндіктерін артық бағалау экспансивті сандырақ дәрежесіне дейін жетуі мүмкін.

Науқастарда сөйлеу қозғыштығы байқалады, олар көп, тез және дауыстап сөйлейді. Айқын сөйлеу қозғыштығында оларда бірнеше күннен кейін дауыстары қарлыққан болады. Бірқатар жағдайларда науқастар, ойының бөлінуінен сөз тіркестерін жартылай айтып немесе кейбір сөздерді айқайлап айтуына байланысты, өз ойларын толық жеткізе алмайды. Ал науқастардың өздері бұл кезде олардың сөздері ойларына жете алмайды деп айтады.

Біршама төмен айқындалған сөйлеу қозғыштығында ассоциативті қызметтің жылдамдауы жазуда көрінеді, науқастар сөз орамдарын толық жазбайды немесе кейбір сөздерді ғана жазады.

Маниакальды синдромның бірнеше нұсқасын бөліп қарастырады: көңілді мания, көбіне маниакальды-депрессивті психозға тән, продуктивті

емес мания, бұл кезде көтеріңкі көңіл-күй мен қимылдық қозулар қандай да бір жұмысқа ұмтылыспен көрінбейді, ақымақтықпен мания, бұл кезде көтеріңкі көңіл-күй мен қимылдық, сөздік қозулар мәнерлілікпен, балалықпен, орынсыз эзілдерге құштарлықпен қабаттасады

Морияға көңіл-күйдің көтерілуімен қабаттасқан әуестіктің, ақымақтықтың, орынсыз эзілдердің тежелуі тән, кей жағдайларда сананың обнубиляциясы байқалуы мүмкін. Көбіне маңдай бөліктері зақымданған жағдайларда байқалады.

Маниакальды жағдайлардың жеңіл варианттарын гипомания деп атайды.

Ерік жігер бұзылысы.

Ерік бұл саналы, мақсатты психикалық белсенділік. Шетел психологтары және философ-идеалисттері ерік бостандығы принципін жариялай отырып, ерік үрдісінің детерминирленбегендігін, оның сыртқы жағдайларға, орта әсеріне тәуелсіздігін көрсеткісі келді. З.Фрейдтің пікірі бойынша адамның жүріс-тұрысының мазмұнын сыртқы тітіркендірулер емес әуестіктер анықтайды; әуестік барлық адамда бірдей және бірінші кезектегі, қарпайым қажеттіліктерді қанағаттандыруға жағдай жасайды. Осы және басқа да ерік бостандығына сүйенген реакциялық теориялар марксизм-ленинизм классиктерімен құрылды және табиғи ғылым мәліметтерімен теріске шығарылды. Адам әрекеттерінің детерминирленбеген сипаты оларды болжауды мүмкінсіз және жауапсыз етеді.

Әуестік бұзылысы сапалық және сандық болып бөлінеді. Сандық бұзылысы күшеюімен немесе әлсіреуімен, сапалық бұзылысы - бұрмаланумен көрініс береді.

Гипербулия барлық әуестіктер мен тілектердің күшеюі, тежеусізденуі маниакальды және гипоманиакальды жағдайларға тән: науқас мешкей, сексуальды, әйелдер кербез болады. Науқастар кез-келген жұмысқа кірісіп кетеді, кейде бірнеше жұмысты бірдей бастайды, бірақ зейін тұрақсыздығына байланысты соңына дейін аяқтамайды, тез тастап кетеді, кеңпейілді болады; таңдаусыз жыныстық байланысқа түседі. Мидың органикалық зақымдануларында булимия (полифагия) – семіздікке алып келетін тәбеттің патологиялық күшеюі; полидипсия – басылмайтын шөл; гиперсексуальдылық - жыныстық инстинкттің күшеюі бақыланады.

Әуестіктің әлсіреуі (гипобулия), толық жойылуы (абулия) депрессивті жағдаймен жүреді: тәбеті жоғалады, осының әсерінен тамақтан бас тартады (анорексия), сексуальды сезім басылады. Тіпті күшті өзін-өзі сақтандыру инстинкті тежеледі, нәтижесінде суицидальды қауіптілік жоғарылайды. Абулия шизофрениялық дефектке тән немқұрайдылық (апато-абулиялық жағдай) жағдайында көрініс береді.

Абулия — әрекетті психикалық ретсудің патологиялық бұзылуы. Іс-әрекетке қызығушылығы және нақты шешім қабылдауға қабілеті болмағанда көрініс береді. Психиканың басқарып реттеуші функциясын анықтау арқылы Абулия дәрежесін білеміз. Себебіне байланысты Абулия

қысқа мерзімді немесе тұрақты күй болуы мүмкін. Абулияның ауыр түрі — шизофренияның кататоникалық түрінің қасиетінен көрінеді. Мидың маңдай бөлімінің ауқымды зақымдануынан пайда болады. Абулия психоневроз күйінде де жиі кездеседі. Абулия ауру адамның іс-әрекетке ынтасының жоқтығымен, қажеттігін сезсе де, шешімді қабылдай алмауы және әрекетті дұрыс жасай алмауында көрініс табады. Абулия тәрбиенің дұрыс болмауынан қалыптасатын ерік-жігерсіздік сияқты мінез бітісінен ажырату қажет, себебі ондай тұлғалық қасиет өзін-өзі реттеуді жүзеге асыру арқылы қайта шынықтыруға келеді. Психопатологияда терең дәрежедегі олигофрения жағдайында кездесетін туа біткен Абулия, және мидың маңдай бөліктерінің қатғы зақымдануының немесе психикалық аурудың ауыр түрлерінің (депрессия, шизофрения, психоздар, наркоманияның асқынған түрлері және т.б.) нәтижесі болып табылатын абулия болады.

Апато-абулиялық көріністер психостениялық психопатияда, мінез құлық акцентуациясында байқалуы мүмкін.

Парабулия ерік белсенділігі мен әуестіктің бұзылысымен және импульсивті көрінеді. Бұндай бұзылыстар тұлғаның сипатталады. Сана бұзылысымен, манералық мимикамен, әрекеттер мен қимыл қозғалыстың Жарамайтын заттарды – нәжіс (капрофагия) жеуге, өзіне зақым келтіруге, перверсияларда жыныстық қанағат сезімін алуға (гомосексуализм, садизм, мазохизм және т.б.) құштарлықпен, өзін ұстауының өзгеруімен, негативті ауыр патологияларында, психопатияларда, психопатия тәрізді жағдайларда, мидың органикалық бұзылыстарында, гебефеникалық және кататониялық шизофренияда кездеседі. Сонымен қатар кататониялық синдромға тән бағынудың жоғары не төменгі болуы, эхо симптомдар тән.

Моторика бұзылысы (психомоторлы бұзылыстар)

Қозғалыс бұзылысы (психомоторлы бұзылыстар) гипокинезия, дискинезиямен және гиперкинезиямен сипатталады. Басты негізінде психикалық формадағы бұзылыстар жатыр (сандырақ, галлюцинаторлы, аффективті бұзылыстармен).

Гипокинезия қозғалыстың баяулаумен және бәсеңдеуімен, тіпті акинезия жағдайымен сипатталады (тірек қимыл жүйесінің анатомо физиологиялық белсенділігіне қарамастан толық қозғалыстың шектелуімен)

Ступор барлық психикалық белсенділіктің төмендеуімен сипатталатын психопатологиялық бұзылысы. Ең бірінші кезекте моторика, ойлау және сөйлеудің бұзылысымен көрінеді. "Ступор" термині жиі психологиялық бұзылыстың көрінісі болып табылады.

Депрессиялық ступор (меланхолиялық ступор) науқастың позасы депрессиялық аффектті көрсетеді. Мелшиіп қалу айқындығы депрессиялық аффекттің ауырлығына тікелей сәйкес. Бұл жағдайда науқаспен сөйлесу мүмкін емес, бірақ оның ауыр күйзелістері жөнінде жалынышты, мұңды көзқарасынан немесе бет кескінінен, терең күрсінуден, бір нәрсе айтуға әлсіз талпынысынан білуге болады. Айқын қозғалыстық тежелу

суцидальды ойларды іске асыруға мүмкіндік бермейді. Қайғы-мұң күші бұрынғысынша сақталып, қимылдық тежелу қайтып, симптомдар кері дамығанда науқастың өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің қаупі жоғарылайды. Депрессия кезінде толық ступор сирек кездеседі. Әдетте дәрігер әлсіз тежелу жағдайындағы науқастарды бақылауы керек. Психиатриялық ауруханаларда мұндай ауруларды бет-әлпеттеріне қарап бірден айыруға болады. Олар көбіне жатады немесе шуы және қозғалысы аз жерде оқшауланып отырады. Бүгілен фигура, зарыққан кескін, қайғылы бет әлпеті ауыр күйзелісті дәлелдейді; дауысы жай, көз жанары солғын, мимикасы қатып қалған, бет терісі бозғылт немесе сұрғылт-топырақ түсті, көздерінің астында күңгірт шеңбер, ерін бұрыштары салбырап төмен түскен, қыртыс және әжімдері терең. Науқастар қарт тәрізді және қушиған кейіпте болады.

Галлюцинаторлы ступор галлюцинациялық уайымның әсерінен пайда болады. Толық қозғалыс шектелуімен, әртүрлі мимикалық реакциялармен бірігеді (қорқу, таң қалу). Жиі поливокалды галлюцинацияларда, императивті псевдогаллюцинацияларда, сахналық көру галлюцинацияларының шыңында байқалады. Интоксикациялық, органикалық психоздарда, шизофренияда байқалады. Ұзақтығы бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.

Апатиялық (астениялық) ступор барлық нәрсеге, адамдарға немқұрайлы, енжарлық. Науқас енжар қалыпта арқасымен жатады. Бет әлпеті құлазыған, жұтаң. Науқас сұрақтарға жауап беруге қабілетті, алайда білмеймін деп жауап береді. Жиі науқас өз өзіне қарамайды, қарапайым гигиеналық талаптарды орындамайды. Науқастан зәр мен нәжіс иісі шығуы не тәбетінің бірден төмендеуі байқалады. Ступор бірнеше айға оззылуы мүмкін.

Истериялық ступор классикалық вариантта мінездің белгілі бір истериялық сипатымен жандарда дамиды психогенді реакция болып табылады. Мұндай жағдайларда сөз жоғарғы жүйке қызметінің әлсіздігі (туа немесе жүре пайда болған) жөнінде, әсіресе екінші сигналды жүйе реакциясы жөнінде болып отыр. Осының нәтижесінде шартсыз рефлекторлы және бірінші сигналды жауап беру басымдылық танытады, тұлғаның негізгі қасиеттері балалық, психикалық инфантильділік, аса эмоцианальды қозу, күшейген қиял ойыны және өзін-өзі сендіру, жоғары жүйкелік тежелгіштік. Мұндай тұлғалар объективті мәні бар психожарақаттаушы оқиғалар орын алғанда ғана емес, болмашы – көршісімен жанжалдасу, жқмыс орнындағы ескертулерге де тежелумен жауап беруі мүмкін. Қолайсыз ситуацияда науқастар талып барып, сұраққа жауап бермейді, әлсіз, босаңсынған күйге түседі, позасы дәрменсіздікті, мимикасы – қайғыруды бейнелейді. Сананың терең бұзылыстары болмайды, науқастар ситуацияны басқаруға қабілетті. Құлап бара жатып науқастар өзіне зақым келтіруден сақтанады. Соматикалық және вегетивті симптомдар анық көрінеді: пульс және тыныс жиілігі, бетінің қызаруы немесе көгеруі, тершендік көзқарашығы реактивтілігінің күшеюі.

Истериялық ступорды көне авторлар жалған өлім деп атаған. Басқа истериялық жағдайлар сияқты бұзылыстың өзі пайда болған қиындықтардан «құтылудың» бір түрі ретінде қаралған. Бір жағдайда осы жолмен қол жеткізілген артықшылықтар осы реакцияның мақсаттылығын көрсетеді, оны шартты-қалаулы етеді. Сондықтан истериялық бұзылыстар, соның ішінде тежелу құбылыстары қайталаынады. Тежелу құбылысы мелшию реакциясының генерализацияланған деңгейіне жетпеуі мүмкін, тек жеке қозғалу актілеріне қатысты болуы мүмкін. Бұған истериялық парездер және салданулар, астазия-абазия, сөйлеудің истериялық бұзылысы және басқа да функциональды өзгерістерді жатқызуға болады.

Истериялық парездер мен салданулардың органикалық негіздері жоқ, ауру бұл бұзылыстарды өзіне қалай елестетсе, солай көрінеді. Ауру бірденеден қорықса қолы не аяғы жұмыс істемей қалатыны анықталды (аяғы мақта сияқты, өзіне бағынбайды, бір күні тіптен қызмет жасамай қалады). Дәрігерге бір аяғы не қолы зақымдалған немесе екі аяғы мен қолдары да зақымдалған, жиі бет нервісінің қатысуынсыз гемиплегиямен науқастар келеді. Салданудан аяқтарда активті қозғалыс жоқ, бірақ қорғаныстық қозғалыс, әсіресе аурудың назарын басқаға аударған кезде бақылануы мүмкін; моторика ұйықтағанда немесе гипноздық жағдайда қалпына келеді. Неврологиялық зерттеуде иннервация зонасына сәйкес келмейтін сезімталдық бұзылысы болады: шұлық, қолғап түріндегі анестезия. Рефлекстер өзгермеген, патологиялық белгілерді, тонус бұзылысы, тофикалық бұзылыстарды анықтай алмаймыз. Бұлшықет электрлі қозғыштығының өзгерісі болмайды. Истериялық парездер және салданулар кейде ұзақ және нәтижесіз емделеді, ал кейін кенеттен қандайда бір сыртқы әсердің әсерінен оңай жоғалады. Аяқтың истериялық салдануында астазия-абазия байқалады, ауру тұра алмайда, отыра алмайды, жүре алмайды, бірақ тынышталып, жатқан кезде аяғын еркін қозғалтады.

Психогенді ступор жедел аффективті-шокты реакциялардың клиникалық көрінісінде бақыланады. Мұндай реакциялар адамда күшті жан тербелісін тудыратын психожарақаттаушы оқиғаларға жауап ретінде болады. Мұндай оқиғалар, апаттар, табиғат апаттары, жақын адамының кенеттен қаза табуы және т.б. болуы мүмкін. Психогенді әсер кенеттен орын алғанда индивидуальды, тұлғалық реакция көрініс беріп үлгермейді, бұл жағдай тек адамдарға емес, жануарларға да ортақ - орнында тұрып қалу немесе қозу реакциясы, гиперкинетикалық реакция. Ступор толық немесе жартылай болуы мүмкін, оның ұзақтығы - минут, сағат, күндер. Дертті жағдайдың тереңдігі, ұзақтығы, динамикасы психогениямен, оның сипатымен анықталады. Толық психогенді ступор кезінде адамның мелшиген бет-әлпеті психогения басталуына себеп болған аффективті күй – қорқыныш, шошу, абдырау күйін бейнелейді. Вегетативті симптомдар кең көрініс береді: жүрек қағуы, тершеңдік, вазомоторлар ойыны, асқазан-ішектік бұзылыстар (құсу, іш өту). Сана аффективті тарылған (аффективті қарауыту), ступордан шығар кезде жартылай немесе толық амнезия

бақыланады. Әсіресе аффективті-шокты реакция балаларда жеңіл пайда болады. Оларда тежеу жағдайы қоршаған ортада ступор тудырған психотравмалық ситуацияны еске түсіретін жайт пайда болғанда қайталаынады. Ересек адамдарда ступор психогенияға жеке реакция түрінде болуы мүмкін, немесе, жиі - реактивті психоздың даму сатысы болуы мүмкін.

Қозғалыссыздық сомато вегетативті бұзылыстармен бірігіеді(тахикардия, терлеу, АҚ - ның әртүрлі болуы). Негативті белгілер пайда болады. Науқасты киіндіріп, тамақтандыру қажет болады. Есі аффективті қысылған.

Маниакальды ступор депрессивті жағдайдан маниакальдыға не керісінше бірден ауысудан пайда болады. Науқас қозғалыссыз қалыпта(отыру, тұру) айналасындағыларға бір көзбен күле отырып бақылап отырады. Шизофренияда, маниакальды депрессивті психоз кезінде болады.

Гиперкинезия психикалық және қозғалыс белсенділігінің шамадан қозуынан және күшті бұлшық ет жиырылуынан дамитын автоматты қозғалыс белсенділігінің артуымен сипатталады.

Маниакальды (қарапайым) қозу логикалық, дұрыс қозғалыс пен көтеріңкі көңіл күймен, шамадан тыс қатты дауыспен сөйлеумен сипатталады. Ауыр жағдайда науқас науқас өз өзін жоғалтып, хаосты қимылдармен, дауысы бөліктеніп жеке жеке шығады.

Истериялық қозу әрқашан психогенді себеппен шақырылады және, истерияның барлық көріністері сияқты театрлы, демонстративті болады. Бұл тұрақты немесе кезенді қайталанатын гиперкинездер немесе ұстамалар, бұл кезде ауру айғайлап жылап, ұрынып, еденде сырғанап, әр түрлі қозғалыс жасап, театрлардағы қалыпты қолданады. Истериялық ұстама эпилепсиялық ұстаманы имитирлейді, егер науқас бұрын осындай ұстаманы өз көзімен көрген жағдайда. Психогенияға қатыссыз дамитын эпилепсия ұстамасынан айырмашылығы, истериялық ұстама әрқашан өзге адамдардың көз алдында эмоциогенді дамиды және ұйқы кезінде болмайды; науқас құлаған кезде зақым алудан қорғанады, тілін тістеп алу немесе кіші дәретін жіберіп қою байқалмайды, көрермендерді және тыныш, сабырлы жағдай жасау арқылы ұстаманы тоқтатуға болады. Ұстаманың ұзақтығы бірнеше сағатқа созылады.

Галлюцинаторлы және сандырақтық қозу мазмұны қорқынышты галлюцинациялар, соңына түсу, әсер ету, қызғаныш және т.б. идеялары болуы мүмкін. Мұндай аурулардың әрекеттері сандырақ пен галлюцинацияның мазмұнына сәйкес келеді: науқастар бірдененен қорғанады, жасырынады, медициналық көмек көрсетуге тырысқанда шабуыл жасайды, қарсыласады. Осындай жағдайлар айналасындағылар үшін және өзі үшін де қауіпті. Нағыз қауіптісі сана өзгерісімен қозу жағдайы болып табылады. Жедел сандырақ және галлюцинация әсерінен делириозды, онейроидты, сананың күңгірттенген қарауытуы жағдайындағы, бағдарлау бұзылысымен және ситуацияны түсіну

бұзылысымен науқастар терезеден секіріп, басы ауған жаққа қашады, шыныны сындырып, киімін, құжаттарын жыртып, бағалы заттарды лақтырып жібереді. Сана күңгіртенуінің (амения, мусситирлеуші делирий) ауыр жағдайында қозу ретсіз, хаосты, төсек деңгейімен шектеледі, сөз былдырлаған немесе байланыссыз.

Жедел және ауыр психогениямен байланысты туындайтын аффективті- шокты ступорлық реакциялар туралы тежелу жағдайларын сипаттаған кезде айтылды. Аффективті-шокты реакциялар көрінісінің 2-ші түрі гиперкинетикалық. Бұндай **психогенді қозу** аффективті тарылған сана фонында дамиды, науқас өз әрекетін басқара алмайтын жағдайда болады. Қорқыныш билеген адам бағытын таңдамай, әлсірегенін және жарақат, күйік кезінде ауру сезімін сезбей жүгіре береді. Бұл жағдайда адам қауіпке керісінше жақын болады: мысалы, өрт кезінде жағдайды байыппен түсініп, ғимараттан есік арқылы шығудың орнына адам үлкен ғимараттың терезесінен секіріп кетеді.

Катотоникалық синдром - акинезия түріндегі қимылдар (катотоникалық ступор) немесе гиперкинезиялық форма (катотоникалық қозу) басым болып келетін симптомокомплекс болып табылады.

Катотония бір жағынан патология түрінде де қарастырылады, өйткені науқастардың қимылдары жалған, шынайы емес көрінеді. Екінші жағынан, бұл қорғаныштық функция болып есептеледі, мұнда деструкцияның алдын алуға бағытталған кортикальды жасушалардың тормоздық механизмы мобилизацияланады. Катотоникалық синдром тек қана шизофренияға ғана тән емес, басқа да ауруларды, экстремалды жағдайлар (травма, эпидемиялық энцефалит, паркинсонизм) кезінде де пайда болады. Катотоникалық синдром кезінде жүдеу, саусақтардың сыртқы бетінің ісінуі, АҚҚ түсуі, қарашықтың ауырсынуға сезімталдығының болмауы, тершендіктің жоғарылауы, акроцианоз, тері қабаттарының шамадан тыс майлануы байқалады.

Катотоникалық синдромға тән симптомдарға шамадан тыс бағыну (эхолалия, эхопраксия, каталепсия) және төмен бағыныштылық (мутизм, стереотипия, негативизм) симптомдары жатады.

Эхолалия – айналадағы айтылғанды, қойылған сұрақты қайталау.

Эхопраксия – айналадағылардың іс қимылын және қозғалысын қайталау.

Каталепсия (воск тәрізді иілу) – науқастың ұзақ уақыт бойына мәжбүрлі қалыпта, бір қимылда тұруы. Каталепсияның алғашқы көріністері (катотоникалық гипертонустың көрінісі секілді) мойын бұлшықеттерінде және жоғарғы мойын аймағында пайда болады, ал ең кеш төменгі бөлімдерде пайда болады. Сондықтан каталепсияның ең ерте және ең көп таралған көрінісі ауалы жастық симптомы («психикалық жастық симптомы», «Дюпрэ симптомы») болып табылады. Бұл симптом кезінде науқастың басын көтергеннен соң біраз уақытқа дейін басы сол қалыпты сақтайды.

Негативизм ішкі стимулдарға, сонымен қатар кейбір қимылдарды жасауға қарсы тұруымен сипатталады. Негативизм, өтінішті жасауға

үзілді-кесілді бас тартқанда пассивті болады (мысалы, өзін тамақтандыратын, киіндіретін кезде қарсылық көрсетеді). Сонымен қатар, сұраған нәрсеге мүлдем қарама-қарсы қимыл жасағанда активті болып саналады.

Мутизм – сөйлеу аппараты және сөйлеу қабілеті сақтала отырып науқастың сөйлеуден мүлдем бас тартуы. Мутизм толық және толық емес (соңғысында сыбырлап қойылған сұраққа жауап береді – Павлов симптом) бола алады. Негативизмнің бір көрінісі болып келеді.

Катотоникалық ступор. Бұлжағдай қатып қалумен, бұлшық еттердің тонусының жоғарылауымен жүреді және осының әсерінен науқас айлар бойына стереотипті қалыпта болады (жиі эмбрион позасы, «тік тұру қалпы»). Сонымен қатар, науқастың бір жерге байланып қалуы тән (мысалы, бұрышқа немесе кез келген бөлмедегі кіре беріске). Катотоникалық ступорға көбінесе негативизмнің көріністері тән (жиі пассивті) және ол каталепсиямен қосылып жүреді, яғни мимиканың болмауы немесе парамимия.

Люцидті катотония (люцидті ступор). Ступордың бұл түрінде науқастың есі сақталған, ортадағы жағдайға дұрыс бейімделе алады, болып жатқан оқиғаларды есінде сақтайды. Катотоникалық қатып қалудан шыққаннан соң науқас айналасындағы болған жайттарды дұрыс айтады, бірақ өзіне не болғанын түсіндіре алмайды.

Эффекторлы онейроидты катотония. Негативизмнің пассивті көріністерімен бірге естің бұзылуы қоса жүреді, жиі онейроид түрінде жүреді. Онейроидты катотоникалық ступор кезінде науқастың көз алдында сахналық онейроидты галюцинаторлы бейнелер көріністер табады. Науқастың келбетінде таңырқау байқалады. Болып өткен оқиға науқастың есінде үзілісті түрде немес мүлдем есінде жоқ. Катотоникалық ступор бірнеше жылға жалғасуы мүмкін.

Катотоникалық қозу. Кенеттен басталады. Жасалып жатқан әрекет импульсивті, ешбір жағдаймен мотивацияланбаған. Жасалып жатқан әрекетке стереотиптілік тән – бірізді, бір қимылды қайталап жасауға бейім. Жиі эхосимптомдар байқалады – эхоталия, эхопраксия. Науқастың сөзінде байланыс болмайды, бірізді ойларды жеткізумен болады. Қойылған сұраққа қате жауап береді. Қозу көбінесе түрлі аффективті көріністермен жүреді (экстаз, ашу, ыза).

Парамимияның көріністерінде науқастың бет әлпетінің болып жатқан жағдайға сәйкес келмейтіндігін атап өтуге болады. Катотоникалық қозу бірнеше аптаға созылуы мүмкін және ступорға жалғасуы мүмкін. Қозу айқын (люцидті қозу) және өзгерген (онейроидты қозу) жағдайда өтуі мүмкін.

Психикалық бұзылыстар симптомдары.

Психомоторика деп қозғалыс әрекеттерімен басқарылатын сана жиынтығын түсінуге болады. Психомоторлық бұзылыстардың симптомдары қозғалыс акті орындалуының төмендеуі немесе қиындауы

(гипокинезия) және мүлдем қимыл-қозғалыстың болмауы (акинезия) немесе қозғалыстық қозу және адекватты емес қозғалыс симптомдарымен сипатталады.

Қозғалыс активтілігінің бұзылысы симптомдарына қатысты келесі бұзылыстар жатады: каталепсия, балауыздық икемділік, бұлшық ет тонусының жоғарылауы кезінде науқастарда ұзақ уақытқа сақтау қабілеті туындайды; ауалы жастық симптомы, мойын бұлшық еттерінің шиеленісуі және балауыздық икемділік пайда болады, бұл жағдайда науқас жастықтың үстінде басы көтерілуі қатып қалады; капюшона симптомы кезінде жатқан немесе отырған кейпінде қозғалыссыз, көрпемен жабынып протина немесе халатын басына жауып беті ашық күйінде қалады; науқастың дене кейпі жағдайында өзгеріс пайда болмаса позасы, аяқ қолдарының жағдайы, жағдайының бағынышты болуы, каталепсиядан айырмашылығы бұлшық ет тонусы жоғарыламаған, негативизм, науқастың белгісіз қарсылық күші және айналасындағыларға жүгіну кейпінде болады. Пассивті негативизм кезінде науқасқа бағытталған көмекті орындай алмауымен көрінеді, төсектен тұруға әрекет жасағанда бұлшық ет тартылулары пайда болады, ал активті негативизм кезінде науқас қарама қарсы әрекетте болады. Науқасқа аузын ашуын сұранғанда ерінін тістейді, науқас пен амандасу үшін қолын созған сәтте қолын артқа қарай жасырады. Науқас тамақтан бас тартады, бірақ тарелкаларды жинап жатқан кезде бірден тамақты басып қалып тез-тез тамақ жеуге кіріседі.

Мутизм (үнсіз)- тіл аппараты сау бола тұра, тілдік қарым-қатынас жасаудан бас тарту, науқас сұрақтарға жауап бермеуі, тіпті белгілерді түсінбеу жағдайы.

Қозғалыстық қозу және адекватты емес қозғалыс симптомдарына келесілер жатады:

-**Импulsiveвтілік** – науқас бірден адекватты емес әрекеттер жасайды, уйден қашып кету, агрессивті әрекеттер, басқа науқастарға бірден шабуыл жасау т.б;

-**Стереотипия**- бір немесе бір неше әрекеттерді көп рет қайталау;

-**Эхопраксия**- жест, ым, әрекет немесе айналасындағылардың позасын қайталау;

-**Парамимия**- науқастың мимикасының сезімдері және әрекеттеріне сәйкес келмеуі;

-**Эхолалия**- айналасындағылардың сөздері немесе фразаларын қайталау;

-**Вербигерация**- бір немесе бір неше сөз және фразаларды қайталау;

- **Сенімсіздік** (мимоговорение)- берілген сұраққа жауабының сәйкес келмеуі.

7. Бақылау

Бақылау сұрақтары:

- 1.Эмоциялардың күшіне қарай бұзылулары (гипертимия, эйфория, гипотимия, экстаз, депрессия, үрейлік, ашушандық, апатия, эмоциональды топастық).
2. Эмоциялардың шапшаңдығына қарай бұзылулары (енжарлық, тұрақсыздық, жігерсіздік, эксплозивтілік).
3. Эмоциялардың адекваттылығына қарай бұзылулары (адекватсыздық, амбиваленттілік, фобиялар, дисфориялар, дистимиялар, патологиялық аффект).
4. Депрессивті синдром.
5. Маниакальды синдром.
6. Паникалық бұзылыс.
- 7.Фобиялар.
8. Эмоцияларды зерттеу тәсілдері.
9. Тамақтану инстинктінің бұзылыстары.
- 10.Өзін-өзі қорғау инстинктінің бұзылыстары.
- 11.Жыныстық инстинктінің бұзылыстары.
- 12.Жабысқақ, импульсивті, еріксіз құмарлықтар және қимыл-әрекеттер
- 13.Гиперкинетикалық синдром.
- 14.Психомоторлы қозу және тамақтан бас тартқан науқастарға көрсетілетін жедел жәрдем.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1.Эмоция патологиясына ... жатпайды.

- a) абулия
- b) өңіл-күйдің төмендеуі
- c) дисфория
- d) физиологиялық аффект
- e) көңіл-күйдің жоғарлауы

2.Маниакальді синдром ... дертінде кездеспейді

- a) реактивті психоз
- b) маниакальды- депрессивті психоз
- c) шизофрения
- d) ми сифилисі
- e) травмадан кейінгі психоздар

3.Депрессивтік синдромға ... симптомдары кірмейді.

- a) өз мүмкіншіліктерін жоғары бағалау
- b) ойлаудың баяулық
- c) уайым немесе үрейлік
- d) қозғалыстың баяулау
- e) өз жағдайының дәрменсіздік идеялар

4.Апато – абулиялық бұзылыстар ... кезіндегі психикалық дефектің негізін құрайды.

- a) шизофрения
- b) эпилепсия
- c) ми жарақаты
- d) психопатия
- e) алкоголизм

5.Науқас өзінің жақын адамдарына деген жанашырлық пен махаббатын жоғалтқан кезін ... дейді.

- a) эмоционалдық топастық
- b) апатия
- c) эмоционалды сәйкессіздік
- d) эмоциональды тұрақсыздық
- e) депрессия

6.Ми жарақатынан кейін ұзақ уақыттан соң науқастың көңіл - күйі көтеріңкі, бейғамдық және рахаттанып жүреді. Психомоторлық қозуы жоқ. Жағдайын анықтаңыз.

- a) эйфория
- b) мания
- c) экстаз
- d) мория
- e) гипомания

7.... дегеніміз науқас айналасын өгейсініп басқалармен қарым – қатынасын үзеді де өзімен-өзі болады.

- a) аутизм
- b) негативизм
- c) апатия
- d) абулия
- e) ступор

8.Дисфория дегеніміз

- a) агрессия мен ызақорлық қатар жүретін жағдай
- b) көңіл-күйдің төмендеуі
- c) көңіл-күйдің өзгеруі
- d) қорқыныш пен күдіктің қатар жүретін жағдайы
- e) үрейлену

9.Эмоцияның амбиваленттілігі дегеніміз

- a) бір мезетте қарама – қарсы келетін сезімдер
- b) адекватты емес ситуация сезімі
- c) ұстамсыз эмоция
- d) жайбарақат көңіл-күйі ашуға тез айналуы

е) эмоциональді лабильділік

10. Гипертимиялық бұзылыстарға ... жатпайды.

- а) гиперкинезия
- б) мания
- с) эйфория
- д) мория
- е) экстаз

11. Ми қантамырларының атеросклерозымен ауыратын науқас көз жасын қуаныштан да, реніштен де тоқтада алмайды. Бұл қандай жағдай?

- а) көңілшектік
- б) эмоцияның адекватсыздығы
- с) көңіл-күйінің қанағатсыздықпен жүретін төмендеуі
- д) апатия
- е) сезімінің екі түрлілігі

12. Патологиялық аффект дегеніміз -

- а) психотравманың әсерінен сананың бұлыңғырлауымен жүретін қимыл әрекет бұзылысы
- б) психотравманың әсерінен сананың бұзылыссыз жүретін қимыл әрекет бұзылысы
- с) көңіл-күйдің жоғарлауымен жүретін қимыл әрекетінің шапшаңдауы
- д) көңілді-күйінің қанағатсыздықпен жүретін төмендеуі
- е) эмоция әлсіздігі

13. Физиологиялық аффект дегеніміз бұл -

- а) сананың бұзылыссыз жүретін қимыл әрекет реакциясы
- б) психотравма әсерінен сананың бұлыңғырлауымен жүретін қимыл әрекет реакциясы
- с) көңіл-күйінің қанағатсыздықпен жүретін төмендеуі
- д) эмоция әлсіздігі
- е) экстаз

14. Айқын депрессивті синдромға ... кірмейді.

- а) меланхолиялық раптус
- б) әрекеті мен ойының тежелуі
- с) суицидальдық ойлар мен оның әрекеті
- д) апатия
- е) өзін-өзі кінәлау идеялары

15. Жасырын (маскіленген) депрессия кезінде ... кездеседі.

- а) жабырқаңқы көңіл-күймен қатар соматикалық шағымдар
- б) нигилизм идеялары аралас жабырқаулы көңіл-күйі

- c) бәсең көңіл-күйге сәйкес, ступор
- d) жабырқаңқы көңіл-күйдің үстіне тынышсыздық, қозушылық, аутоагрессия
- e) аутизм

16. Кататоникалық қозу сипаттары:

- a) ойлаудың үзілуі, стереотипті қимылдар
- b) сіресіп қалу
- c) демонстративтік
- d) үрей
- e) ажитация

17. Агрессивті және импульсивті бейберекетсіз қозу мен сөйлеу және қозғалыстық стереотиптер ... деп аталады.

- a) кататониялық
- b) маниакальды
- c) гебефрендік
- d) психогенді
- e) онейродты

18. Ақымақтық және қылжақбастықпен жүретін қозу ... делінеді.

- a) гебефрендік
- b) кататониялық
- c) маниакальды
- d) психогенді
- e) экстаздық

19.... кататоникалық ступорға тән емес.

- a) Эхопраксия
- b) Қозғалыссыз
- c) Мутизм
- d) Негативизм
- e) Каталепсия

20.... кататониялық қозу симптомы.

- a) Сөз бен қимыл стереотипиялары
- b) Парамнезия
- c) Онейроид
- d) Ментизм
- e) Ступор

21.... қимыл-қозғалыстың бұзылысына жатпайды.

- a) Мутизм
- b) Ступор
- c) Каталепсия

- d) Психомоторлы қозу
- e) Эхопраксия

22.... психомоторлы қозу түріне жатпайды.

- a) Ступор
- b) Маниакальды
- c) Гебефрендік
- d) Кататониялық
- e) Делириозды

23..... кезінде психомоторлы қозу кездеспейді.

- a) Жабысқақ жағдайлар
- b) Алкогольді делирий
- c) Эпилептикалық психоз
- d) Инфекциялық психоз
- e) Грамалық психоз

24.... кататониялық белгілеріне жатпайды.

- a) Амнезия
- b) Негативизм
- c) Ступор
- d) Мутизм
- e) Каталепсия

Әдебиеттер

**Психиатрия қазақ тілінде
негізгі:**

1. Илешева Р.Г. Психиатрия. – Алматы, «Санат».-1998.-245б.
2. Құдиярова Ғ.М., Жарбосынова Б.Б. Психиатрия. - Алматы.: Қазақстан, 2008.-277б.
3. Құдиярова Ғ.М. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтар.- Алматы «Рауан».-1996.-205б
4. Дәріс материалдары.

қосымша орыс тілінде:

1. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Оқулық. -М.: Медицина. 2000
2. Коркина М.В., Лакосина Н.Д., Личко А.Е. /Психиатрия. - М.:Медицина, 1995;
3. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Учебник. – М., Медицина, 2007. -532с.
4. Иванец Н.Н., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия и наркология: учебник. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2006. – 832с.
5. Гавенко В.Л., Самардакова Г.А. Пропедевтика по психиатрии. Учебное пособие Ростов-на-Дону.2003.

6. Российское общество психиатров. Психиатрия. Национальное руководство. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2009. – 992с.

Электронды сайты:

1. medagent.ru/ist/
2. Pub.Med
3. www.spasmex.ru
4. www.webmedinfo.ru
5. medcompany.ru
6. meduniver.com
7. http://diagnos.ru/diseases/nerves/nonsleep

1. №5. Негізгі психопатологиялық синдромдар. Невротикалық синдромдар.

2. Тақырыптың мақсаттары

- Негізгі психопатологиялық синдромдар.
- психиатриялық бұзылыстар симптомдарын анықтауды;
- анықталған симптомдардан синдромдар шығаруды.

3. Б1.1 ҒЫЛЫМИ, ЗЕРТТЕУШІ – БІЛІМІН ҚОЛДАНУ

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: перереквизиттерден және осы пәндерден алынған білімді қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: Психиатрия бойынша тақырыпқа сай презентацияларды ұсынуды, неврология, психиатрия және наркологияда қолданылатын зерттеу әдістерін дәлділікпен орындайды;

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді: іс-әрекетінде ғылыми жаңалықтардың құндылықтарын үйлестіреді.

Б 2.2 ДӘРІГЕР-КЛИНИЦИСТ (1) НАУҚАСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

Білім (когнитивті) домені:

Есте сақтайды: жүйелер бойынша зертеу әдістерін сұрастыру, неврологиялық статус пен психостатусты зерттеу әдістерін есте сақтайды.

Түсінеді: Жүйелер бойынша патологиялардың негізгі клиникалық симптомдары мен синдромдарын;

Қолданады: науқасты тексеруде қазіргі кезеңдегі клиникалық – зертханалық және аспаптық тәсілдерді; науқаспен, оның туыстарымен, әріптестермен және басқа медицина қызметкерлерімен сенімді қарым-қатынас орнатуды қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: жүйке ауруларының: орталық және шеткілік патологиялық рефлекстерін, өзгерістерін анықтау және т.б. дағдыларды дәлділікпен жасайды.

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс-әрекетінің құндылықтарын үлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

Б.2.5. ПРОФИЛАКТИКА ЖӘНЕ РЕАБИЛИТАЦИЯ:

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: психикалық аурулардың алдын алудың, психикалық бұзылыстар мен тәуелділік ауруларының психогигиенасы мен психопрофилактикасының негіздерін, қалыптастырудағы білімдерін қолданады.

Қарым қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс-әрекетінің құндылықтарын үйлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

4. Тақырыпқа байланысты сұрақтар:

1. Астениялық синдром, клиникалық варианттары.
2. Неврастениялық синдром.
3. Истериялық синдром.
4. Психопатиялық синдром.
5. Депрессивті синдром (психотикалық, психотикалық емес).
6. Ипохондриялық синдром
7. Параноидті синдром
8. Галлюцинаторлы-параноидті синдром.
9. Паранойялық синдром.
10. Психорганикалық синдром.
11. Дисморфофобия және дисморфомания синдромдары.
12. Апатико-абулиялық синдром.

5. Оқу және оқыту әдістемесі

Науқастарды қарауға қатысу, тематикалық пациенттерді талдау, шағын топтарда жұмыс істеу, теңдесі жоқ білім беру, науқастарды емдеу, рөлдік ойындар, пікірталастар, кері байланыс.

6. Ақпараттық-дидактикалық блок

Невротикалық синдромның ерекшелігі бұзылыстар деңгейінің терең еместігі болып табылады, мұнда тек астениялық, аффективті симптомдар және невротикалық (обсессивті, фобиялық, истериялық, сандырақсыз, ипохондриялық) бұзылыстар жатады. Бұл патологияның айырмашылығы психикалық бұзылыстардың парциальдылығы, оларға деген сыни көзқарастың болуы, дертті түсіне білу, қоршаған ортаны адекватты қабылдау және психикалық функцияның әлсіздәгімен бірге жүретін мол соматовегетивті симптоматика. Невротикалық синдромдар құрылымында заттық сана бұзылыстары, сандырақ идеялар, галлюцинациялар, деменция, маниакальды жағдай, ступор, қозу болмайды. Нағыз невротикалық бұзылыстар кезінде тұлға қасиеті сақталады. Сонымен қатар, қоршаған орта зиянды әсері тұлға, оның реакциялары,

оның әлеуметтік болмысы арқылы іске асады. Көрсетілген барлық ерекшеліктер осы бұзылыстарды норма мен патология, соматикалық және психикалық аурулар арасындағы шекарада орналасқан шекаралық психикалық патология деп квалификациялауға мүмкіндік береді.

Әрбір невротикалық синдромдардан сәйкес невроздың клиникалық көрінісі қамтылады. Алайда әрбір невротикалық синдром психоз шеңберінде анықталуы мүмкін- психопатологиялық симптоматиканың әлсез күрделенуі жағдайында. Бұл жағдайларда олар невроз тәрізді деп аталады.

Неврастениялық (астениялық) синдром тітіркенген әлсіздікпен сипатталады. Ішкі тежелудің туа және жүре пайда болған жетіспеушілігінде козу ешнәрсемен шектелмейді, ол тітіркенгіштікпен, шыдамсыздықпен, зейін әлсіздігімен, ұйқы бұзылуымен көрінеді. Астенияның гипер және гипостениялық түрлерін ажыратады. Гиперстениялық астенияда қоздыру үрдісінің қалыптылығы, тежеу үрдісінің әлсіздігі эксплозивті реакцияларға бейімділікке ықпал етеді. Гипостениялық астенияда тек тежеу үрдісінің ғана емес, козу үрдісінің де әлсіздігі көрінеді: ой жұмысы және физикалық жүктеме кезінде аса шаршағыштық, еңбекке қабілетінің төмендеуі, өнімсіздік, есте сақтаудың нашарлауы.

Бұл жағдайларға бас ауруы, вегетативті бұзылыстар, сыртқы тітіркендіргіштерге жоғары сезімталдық қосылады.

Обсессивті- фобиялық синдром әрқилы жабысқақтықтар және фобиялар түріндегі психопатологиялық өнімдермен көрінеді. Бұл кезеңде үрейлену, күдікшілдік, сенімсіздік күшейеді, астенизация белгілері көрінеді.

Ипохондриялық синдром мазмұны бойынша мынадай болады: 1) астениялық, 2) депрессивті, 3) фобиялық, 4) сенестопатиялық, 5) сандырақтық. Невротикалық жағдайда жай, сандырақсыз ипохондрия жөнінде айтылады, ол өз денсаулығына аса көңіл аударумен, оның дұрыстығына күмәнданумен көрініс береді. Науқас өз денесіндегі жағымсыз сезімдерге фиксацияланады, олардың тегі невротикалық жағдайдың өзі және оның нәтижесінде дамыған соматовегетативті өзгерістер, депрессия және басқа да себептер болуы мүмкін. Науқас әртүрлі мамандарға жиі көрініп, тексеріледі. Зерттеудің жақсы нәтижесі науқасты біраз уақытқа тыныштандырады, бірақ артынан қайта күшейеді, ауыр дерт жөніндегі ойлар оралады. Ипохондриялық симптоматиканың пайда болуы ятрогениямен байланысты болуы мүмкін.

Истериялық синдром – кез келген ауру симптомдарының жинағы, бұл симптомдар жоғары сенгіштіктің және өз-өзін сендірудің нәтижесі болып табылса, және де эгоцентризм, демонстративтілік, психикалық жетілмеушілік, қиял ойынының басымдылығы және эмоциональды лабильділік тәрізді тұлғалық ерекшеліктерге тән. Бұл жағдай истериялық невроз, тұлғаның истериялық дамуы мен истериялық психопатияға тән.

Психопатиялық синдром- бұл науқасты әлеуметтік дезадаптацияға алып келетін эмоциональды және еріктік саладағы тұрақты дисгармониялылық, мінез патологиясымен көрініс береді. Бұзылыс таным үрдісіне әсер етпейді. Психопатиялық синдром жоғарғы жүйке жүйесінің туа (психопатиялар) және жүре пайда болған (постпроцессуальды жағдай) өзгерістері нәтижесінде әлеуметтік ортаның белгілі бір жағдайларында түзіледі. Бұл айырмашылықтарды айқындау үшін, шизофрениялық немесе церебральды-органикалық үрдіс нәтижесінде пайда болатын мінез өзгерістерін кейде психопатия тәрізді синдром деп атайды. Психиатрияда бұл патология шекаралық бұзылысқа жатады.

Психопатиялық синдром варианттары психопатияның клиникалық формаларына сәйкес келеді және қозғыш немесе жоғары тежелгіштік сипатымен көрінеді. Бірінші жағдайға эмоциональды ұстамсыздық, ашуланшақтық, даушылдық, шыдамсыздық, тіл табыса алмаушылық, ерік тұрақсыздығы, алкаголь және наркотик қолдануға бейімділік тән. Екінші вариантының ерекшелігі әлсіздік, тұлғалақ реакциялардың зорығуы, оның жеткіліксіз белсенділігі, өзін төмен бағалау, күдіктенулерге, сенімсіздікке бейімділік болып табылады.

Есте сақтау және интеллект бұзылысының негізгі синдромдары.

Корсаков синдромы- амнестикалық синдромның бір түрі болып табылады. Есте сақтау қабілетінің болмауы мен бағдарды ажырата алмау, өткен оқиғалар есінде, туыстарын және сыртқы ортаны танымауымен (фиксациялық амнезия) сипатталады.

Синдром психопатологиялық триададан тұрады: фиксациялық амнезия, ретроградты амнезия, конфабуляциялар. Ауыр ес бұзылуының салдары болып жатқан оқиғаларға, орынға, уақытқа, адамдарға қатысты бағдардың бұзылуы болып табылады.

Корсаков психозында ес бұзылуымен әрқашан полинейропатиямен жүреді, ол үлкен жарты шардың перифериялық жүйкелерге дейін таралған дистрофиялық өзгерістерді көрсетеді. Корсаков синдромына тән ес бұзылуының әр түрлі белгілерінің қатарласуы, мидың басқа да органикалық бұзылыстарында кездеседі: қантамыр ауруларында, бас ми жарақатынан кейін, газбен уланғаннан кейін, кәсіби интоксикацияда кездеседі.

Үдемелі амнезия синдромы Рибо заңына бағынатын естің үдемелі көмескіленуімен көрінеді: алған білімі игерілген уақытынан кері, біртіндеп естен жоғала бастайды. Ес босауының жалпы фонында алыс балалық шағындағы оқиғалар жөнінде естеліктер сақталады. Қимылдық дағдылар мен жүріс тұрыстың тәрбиеленген формалары сақталады. Бұл патология кейде үлкен ми қыртысының атрофиясы (м: Альцгеймер және Пик ауруы), науқастарда қантамырлық және жарақаттан кейінгі ми зақымдануларында кездеседі.

Негізгі сандырақтық синдромдар

Парнояльды синдром – бұл синдром біртіндеп басталатын сандырақтық, әсіресе бірінші кезеңдерде эмоционалды бұзылыстармен

сипатталатын сандырақ түрі. Бұл вариант түрінде галлюцинациялар (шынайы және псевдогаллюцинациялар) болмайды. Сандырақ біртіндеп доминантты идеялардан аса бағалы идеялар сатысына өту арқылы түзіледі. Бұған аффективті реакциялардың күштілігімен және ригидтілігімен, ал ойлау және әрекет саласында – байымдылық және детализацияға бейімділікпен тұлға ерекшеліктері ықпал етеді. Мазмұны жағынан бұл жанжалшылдық, шығармашылдық, қызғаныш және соңына түсу сандырағы жатады.

Галлюцинаторлы –параноидты синдромдар –галлюцинаторлы және сандырақтық бұзылыстарымен көрінетін синдром. Бұл синдромның негізгі құрамына Кандинский – Клерамбо синдромы (автоматизм синдромы) жатады. Бұл галлюцинаторлы –параноидты синдромның жеке жағдайы болып табылады және псевдогаллюцинациялар, психикалық актілердің бөтендену құбылысы – автоматизмдер және әсер ету сандырағы қосылады. Қабылдау бұзылысы шеңберіндегі науқас, олардың еріктен тыс пайда болатындығына, жасандылығына сенімді автоматизмнің мәні осында. Автоматизм идеяторлы, сенсорлы немесе моторлы болып бөлінеді. Науқас өз ойын басқарып тұр, оларды паралельді етеді, басына бөтен ойлар салады, оның ойларын оқып, тартып алады деп есептейді. Бұл жағдайды идеяторлы автоматизм деп атаймыз. Бұл автоматизм түріне псевдогаллюцинациялар жатады. Сенсорлық автоматизмге сезімдік таным бұзылысы жатады және науқастың сезім (немқұрайлылық, әлсіздік, ыза, үрей сезімін «шақырады») және түйсіктің (дененің әртүрлі бөліктерінде ауру сезімі,электр тоғы жолдары сезімін, күйдіру, дызыл «тудырады») жасандылығы жөнінде айтуларымен сәйкес келеді. Моторлы автоматизм дамуында науқаста өз қимылдары мен қызметтерін басқаруды жоғалтқандығына сенім туады:бетінде еріксіз күлкі пайда болады,аяқ қолдары еріксіз қозғалады,күрделі қимылдар жасалады.

Кандинский – Клерамбо синдромы шизофрения ауруына тән болып табылады,психогенді немесе экзогенді органикалық табиғатының өзгеруіне алып келеді.

Парафренді (парафрениялық) синдром –фантастикалық сандырақ синдромы.Психикалық автоматизм және псевдогаллюцинациялармен сипатталады, көбінесе көтеріңкі көңіл күй мен сипатталады.

Котар синдромы –нигилистік –ипохондриалық сандырақпен үрейлі сандырақтық депрессия көрінісімен ,немесе мәңгі өмір сүру ,мәңгі қорлық көру,немесе сыртқы әлемді жоққа шығарумен фантастикалық ипохондриалық сандырақ түрінде көрінеді.

Дисморфомония синдромы-дисморфофобия. Бұл синдром үш триададан тұрады.

1) идеясында физикалық кемшіліктер бар деп санау (мұрны» буратино тәрізді «болуы ,құлақтары «дүрбелең сияқты» болуы және т,б)

2)қатынас идеясы –«барлығы қарайды және күледі», «кімге ұнайды уродқа қарау», «адамдар көшеде саусақпен көрсетеді» деген идеялардың болуы.

3)Көңіл- күйдің төмендеуі –кейде ауыр депрессия әсерінен өзіне өзі қол жұмсауға дейін барады.

Өзінде физикалық жетіспеушіліктер бар сандырақ идеясын паранояльды типке жатады,сирек жағдайларда артық бағалы идея (бұл жағдайда кішкентай дефектті өте үлкен кемшілік бар деп түсінеді) сандырағына жатады.

Физикалық ақаудың идеясы көбінесе параноид түрінің бұрмалануы болып табылады (егер шірік адамның беті немесе денесінің керемет бөлігіне әсер ететін болса), аз болса да - асып түсетін идея (бұл жағдайда кішігірім ақау, мысалы, бірнеше қисық аяқтар «үлкен шірік», «ұят»,)

Физикалық жетіспеушіліктері бар науқастар «түзетуді», «түзетуді» өздерінің ойлау немесе физикалық жетіспеушілігінен күрт жоғарылатылды. Олар, әсіресе, хирургтарға барады, олар косметикалық хирургияны көрсетпейді.

Бұзылған сана синдромдары.

Делирий сананың жедел пайда болатын күңгірттенуі. Бұл кезде уақыт және орын бойынша бағдарлау бұзылса да, өзіндік тұлғасын бағдарлау сақталады, иллюзиялар, сахна тәрізді көру галлюцинацияларының ағынымен, аурудың күрт қозуымен, бұл жағдайдан шыққаннан кейін бөліктік амнезиямен көрініс береді.

Делирийдің үш дәрежесін ажыратады. Бірінші сатысы гиперестезиямен ,әсіресе есту ,көру анализаторлары саласында ,көңіл күйдің өзгеруімен ,сөзшендікпен ,көтеріңкі көңіл күйден қорқынышпен ,шошынумен үрейлі күйге дейін,әртүрлі айқын елестер ағыны түрінде естеліктердің жандануымен , бір орында жай таппаумен сипатталады.Делирийдің алғашқы симптомдарының бірі ұйқы бұзылуы болып табылады.

Екінші сатысында ауру көрген түсі мен шындықты ажырата алмайды, айналасындағы құбылыстарды иллюзия түрінде қабылдайды ,қозу күшейеді.

Үшінші сатысында делирийдің ең жоғарғы шегінде ,шындық өмір түгелдей галлюцинаторлық бейнелермен ,сандырақтық оқиғалармен алмасады, осының барлығы шынайы шынайы кеңістіктен қабылданады өтіп жатқан құбылыстардың кейіпкері науқастың өзі болып табылады.

Мазасыздық жедел аффективті қанық қозу жағдайымен алмасады, оның мазмұны сандырақ тематикасымен анықталады: ашу , ыза, қорқыныш, жағдайында науқас әлдекімге шабуыл жасайды немесе өз басын сауғалайды, жасырынады, қашуға тырысады. Науқастың патологиялық күйзелістері мен аффективті жағдайы және жүріс тұрысы арасында гармониялық бірлік бар. Жағдай түнге қарай ауырлай түседі, ал күндіз сананың біршама айқындалу кезеңдері болады. Делирийден шығу жиі критикалық сипатта, ұйқы кезеңінен кейін болады. Болған оқиғалар жөнінде естеліктер толық емес, үзінді түрінде болады.

Делирийдің аса ауыр түрінің варианттары кәсіптік делирий немесе муситтирлеуші делирий болып табылады, бұл варианттары үшінші сатысынан кейін дамиды. Кәсіптік делирийде науқас күйзелісі мен қимыл әрекеті өзінің мамандығына, қызметіне байланысты болады. Науқас өзін күнделікті қызмет жағдайында тұрмын деп ойлап, мамандығына байланысты әртүрлі сөздер айтып, қимылдар жасайды. Ауыр соматикалық ауруларда пайды болатын муситтирлеуші делирий кезінде қозу төсек деңгейімен шектеледі. Науқас үздіксіз, бәсең дауыспен, түсініксіз сөздерді айтады, үстінен көрпені ысырады, аяқтарын мағынасыз қозғалтады. Бұл жағдай бұдан әрі коматозды жағдайға ауысып, өліммен аяқталуы мүмкін.

Онейроид - бағдарлау және өзіндік сана бұзылысымен, фантастикалық күйзелістермен және елестермен , субъективті әлемде қабылданатын көріністермен және катотониялық симптоматикамен бірге жүретін түс тәрізді күңгірттенуі.

Психопатологиялық өнім молдығы, анықтығы, галлюцинаторлы және сандырақтық жағдайлардың динамикалылығы мен ауқымдылығы арасында диссоциация жүреді және бір жағынан, науқастың аң таң келбетепен бір қалыпта тұрып қалуы немесе біртеекті катотониялық қозу жағдайында болуы – екінші жағынан. Галлюцинациялар, псевдогаллюцинациялар және сандырақ шынайылықпен араласып, науқас және айналасындағы адамдар қатысушылар болып есептеледі. Науқас атомдық соғыс, әлем күйреуі, өзге планеталарға, басқа дәуірге орын ауыстыру күйлерін кешеді.

Онейроидтың бастапқы кезеңіне аффект тұрақсыздығы тән, ұйқы бұзылады, есімнен адасып кетемін деген қорқыныш пайда болады, дереализация, деперсонализация және абдырау күшейе түседі. Сахналау және интерметамарфоза сандырағы дамуы мүмкін. Сана күңгірттенуі жоғарғы шегінде өзіндік тұлғасына қатысты қос бағдарлау, депрессия немесе экстаз жағдайы көрініс беруі мүмкін.

Аменция –кеңістікті , уақытты , жеке басын бағдарлау бұлылуымен, шындықты түсіну қабилетінің жоғалуымен және осы кезеңнің толық амнезиялануымен жүретін сананың терен күңгірттенуі. Амнетивті күй ауыр соматикалық және психикалық зорығу, қажу фонында дамиды, және болжамы нашар. Ағымдағы оқиғаларды түсіну қабилеті жоғалады, оларды біріктіріп қабылдай алмайды. Сағатқа өарай отырып, оның тілдерін дұрыс көріп отырсады уақытты айта алмайды. Сөздері байланыссыз, қозу шеңбері аз кеңістікті алады, мағынасыз , хаосты және бас , аяқ қолдарының қозғалтумен көрінеді.

7. Бақылау.

Бақылау сұрақтары:

1. Аментивті синдром.
2. Амнестикалық синдром.
3. Астениялық синдром.
4. Делириозды синдром.

5. Депрессивті синдром.
6. Ипохондриялық синдром.
7. Катотоникалық синдром.
8. Маниакальды синдром.
9. Онейроидті синдром.
10. Паранойяльды синдром.
11. Парафренді синдром.
12. Сенестопатиялық синдром.
13. Кандинского-Клерамбо синдромы.
14. Психоорганикалық синдром.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1.Кандинский-Клерамбо синдромымен бірге жүретін аурулар:

- А) шизофрения
- Б) истерия
- В) маниакальді-депрессивті психоз
- Г) жабысқақ жағдайлар невроты
- Д) Ганзер синдромы

2.Паранойяльді синдром сипатталады:

- А) псевдогаллюцинациялардың болуымен
- Б) шынайы галлюцинациялар
- В) психикалық автоматизмдерге байлығымен
- Г) интерпретативті сандырақпен
- Д) аффективті бұзылыстармен

3. Параноидты синдром ереже бойынша сипатталады:

- А) әсер ету сандырақтық идеялардың басымдылығымен
- Б) жабысқақ идеялардың басымдылығымен
- В) көңіл- күй фонның жайлы және бейғамдығы
- Г) сенестопатиялардың болуымен
- Д) парамнезиялармен

4. Кандинский-Клерамбо синдромының құрамына кіреді:

- А) психикалық автоматизмдер
- Б) сенестопатиялар
- В) иллюзиялар
- Г) парамнезиялар
- Д) қызғаныш сандырақтар

5.Депрессиялық синдроммен қандай сандырақ фабулалары бірге жүреді?

- А) қызғаныш сандырағы
- Б) ипохондриялық сандырақ
- В) әсер ету сандырағы
- Г) ұлылық сандырағы
- Д) өзін-өзі кінәлау және өзін-өзі кемсіту сандырағы

6.Жүйеленген интерпретативті сипаттағы сандырақтық идеялар кездеседі:

- А)Кандинский-Клерамбо синдромында
- Б) паранойяльді синдромында
- В) галлюцинаторлы-сандырақтық синдромында
- Г) абстинентті синдромында
- Д)маниакальді синдромында

7. Моторлы тежелу бакалады:

- А) депрессиялық синдромда
- Б) дисфория жағдайында
- В) кататониялық қозуда
- Г) маниакальді синдромда
- Д) гебефрениялық қозуда

8.Қызғаныш, шығармашылық, даукестік сандырақтық идеялардың басымдылығы тән:

- А) Кандинский-Клерамбо синдромына
- Б) паранойяльді синдромға
- В) астениялық синдромға
- Г) истериялық синдромға
- Д) парафренді синдромға

9. Астениялық синдромға мынадан басқасының бәрі тән:

- А) физикалық әлсіздік
- Б) психикалық әлсіздік
- В) фиксациялық амнезия
- Г) аффективті лабильділік (тұрақсыздық)
- Д) метео-жағдайларға тәуелділік

10.Науқас әйел тез шаршайтынын, ұзақ уақыт физикалық және психикалық күш түсуді көтере алмайтынын айтады. Көңіл-күйі төмен, болмас нәрсеге жылай салады. Жарықты, қатты дауыстарды көтере алмайды. Басы жиі ауырады, ұйқысы қашқан, ауа-райының бұзылыстарына жағдайының өзгеретінің айтады. Науқаста қандай синдром?

- а) Астениялық;
- б) дисморфоманиялық;
- в) ипохондриялық;

- г) депрессивті;
- д) дисморфофобиялық.

11. Науқас Ж., 39жаста созылмалы гастродуоденитпен ауырады. Соңғы өршу абдоминальды ауырсынумен, тәбетінің төмендеуімен, жүрегiнiң айнуымен байқалған. Шаршағыштықпен, жұмысқа қабiлетiнiң төмендеуiмен қатар онкопатология туралы ойлар пайда болған. Дәрігерден қосымша тексерулер өткізуді сұранады. Емдеу барысында ауырсыну синдромы жойылған, бұрынғы салмағы қалыптасқан, астенияның белгілері бәсеңдеген. Бірақ «рак ауруының» қорқынышы сақталады. Қорқыныш билеген кезде мазасызданып, дегбірсізденеді. Түсіндірген кезде қорқыныштын орынсыз екенімен келіседі, бірақ ол ойды жойып жібере алмайтынын айтады. Қай синдром екенін анықтаңыз.

- а) Астениялық;
- б) истериялық;
- в) депрессивті-параноидты
- г) астено-депрессті;
- д) фобиялық синдром.

Әдебиеттер

Психиатрия қазақ тілінде негізгі:

1. Илешева Р.Г. Психиатрия. – Алматы, «Санат».-1998.-245б.
2. Құдиярова Ғ.М., Жарбосынова Б.Б. Психиатрия. - Алматы.: Қазақстан, 2008.-277б.
3. Құдиярова Г.М. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтар.- Алматы «Рауан».-1996.-205б
4. Дәріс материалдары.

қосымша орыс тілінде:

1. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Оқулық. -М.: Медицина. 2000
2. Коркина М.В., Лакосина Н.Д., Личко А.Е. /Психиатрия. - М.:Медицина, 1995;
3. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Учебник. – М., Медицина, 2007. -532с.
4. Иванец Н.Н., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия и наркология: учебник. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2006. – 832с.
5. Гавенко В.Л., Самардакова Г.А. Пропедевтика по психиатрии. Учебное пособие Ростов-на-Дону.2003.
6. Российское общество психиатров. Психиатрия. Национальное руководство. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2009. – 992с.

Электронды сайты:

1. medagent.ru/ist/

2. Pub.Med
3. www.spasmex.ru
4. www.webmedinfo.ru
5. medcompany.ru
6. meduniver.com
7. <http://diagnos.ru/diseases/nerves/nonsleep>

1. №6 тақырып. Психикалық аурулар жіктемесі.

2. Тақырыптың мақсаттары

- Психикалық бұзылыстардың жіктелуін
- психикалық ауруларда емінде қолданылатын дәрілік заттың топтарын;
- психотерапия әдістері;
- психикалық бұзылыстардың алдын алу және реабилитациясы;
- меңгеруі қажет:
- психикалық бұзылыс жіктемесі негезінде;
- медикаментозды және психотерапия жүргізу.
- психикалық бұзылыстардың алдын алу жолдары

3. Б1.1 ҒЫЛЫМИ, ЗЕРТТЕУШІ – БІЛІМІН ҚОЛДАНУ

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: перереквизиттерден және осы пәндерден алынған білімді қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: Психиатрия бойынша тақырыпқа сай презентацияларды ұсынуды, неврология, психиатрия және наркологияда қолданылатын зерттеу әдістерін дәлділікпен орындайды;

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді: іс-әрекетінде ғылыми жаңалықтардың құндылықтарын үйлестіреді.

Б 2.2 ДӘРІГЕР-КЛИНИЦИСТ (1) НАУҚАСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

Білім (когнитивті) домені:

Есте сақтайды: жүйелер бойынша зертеу әдістерін сұрастыру, неврологиялық статус пен психостатусты зерттеу әдістерін есте сақтайды.

Түсінеді: Жүйелер бойынша патологиялардың негізгі клиникалық симптомдары мен синдромдарын;

Қолданады: науқасты тексеруде қазіргі кезеңдегі клиникалық – зертханалық және аспаптық тәсілдерді; науқаспен, оның туыстарымен, әріптестермен және басқа медицина қызметкерлерімен сенімді қарым-қатынас орнатуды қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: жүйке ауруларының: орталық және шеткілік патологиялық рефлекстерін, өзгерістерін анықтау және т.б. дағдыларды дәлділікпен жасайды.

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс-әрекетінің құндылықтарын үлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

Б.2.5. ПРОФИЛАКТИКА ЖӘНЕ РЕАБИЛИТАЦИЯ:

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: психикалық аурулардың алдын алудың, психикалық бұзылыстар мен тәуелділік ауруларының психогигиенасы мен психопрофилактикасының негіздерін, қалыптастырудағы білімдерін қолданады.

Қарым қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс-әрекетінің құндылықтарын үйлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

4. Тақырыпқа байланысты сұрақтар:

1. Психикалық бұзылыстардың жіктемесі.
2. Психикалық аурулар кезінде қолданылатын дәрілік заттың топтары, әсер механизмі, көрсеткіші, қарсы көрсеткіші, жанама әсері.
3. Психотерапия түрлері.
4. Инсулинокоматозды терапия.
5. Электротырысулық терапия.
6. Медикаментозды емес емдеу әдісі (электроем, электроұйқы, гидротерапия, массаж, гипербариялық оксигенация, т.б.).

5. Оқу және оқыту әдістемесі

Науқастарды қарауға қатысу, тематикалық пациенттерді талдау, шағын топтарда жұмыс істеу, теңдесі жоқ білім беру, науқастарды емдеу, рөлдік ойындар, пікірталастар, кері байланыс.

6. Ақпараттық-дидактикалық блок

Психикалық аурулардың дәлелді медицина тұрғысынан терапиялық тәсілдері (биологиялық терапия, психотерапия, социотерапия). Психикалық аурулардың реабилитация және алдын алу шаралары.

Психикалық аурулардың жіктемесі

Психикалық аурулардың жіктемесінде клиническо-нозологический жіктеу тәсілін іске асыру мүмкін болады. Бұл аурудың басты этиологиялық факторлары, патогенетикалық бұзылыстары, клиникалық көріністері, аурудың ағымы және аяқталу ерекшеліктеріне сүйеніп жүйеленетінін білдіреді.

Психикалық ауруларды клиническо-нозологический формасы бойынша бірнеше топ және нозологиялық дәуірлерге бөлінеді.

1. Эндогенді психикалық аурулар- бұл ауруларға ішкі патогенді факторларға байланысты дамитын тұқым қуалайтын аурулар жатады. Оларға келесі аурулар жатады:

- Шизофрения
- Маниакальды депрессивті психоз

- Циклотимия
- Дистимия
- Егде жас функционалды психоздары.

2.Эндогенді органикалық психикалық аурулар .Бұл аурулардың дамуына ішкі факторлардың әсерінен бас миінің органикалық зақымданулары немесе ішкі факторлар әсері және сыртқы жағымсыз биологиялық бұзылыстарға алып келеді. Оларға келесі аурулар жатады:

- Эпилепсия
- Бас ми атрофиялық ауруы
- Альцгеймер типтегі деменция
- Альцгеймер ауруы
- Сенильді деменция
- Пик ауруы
- Гентингтон хорейасы
- Паркинсон ауруы
- Бас ми қантамырлық аурулары.

3.Соматогенді ,экзогенді және экзогенді -органикалық психикалық аурулар. Бұл ауқымды топқа сыртқы биологиялық зияндықтарға байланысты дамитын психикалық аурулар, соматикалық аурулар және бас миынан тыс аурулар кіреді. Бұл топтағы психикалық аурулардың дамуында эндогенді факторлар маңызды роль атқармайды. Оларға келесі аурулар жатады:

- Соматогенді аурулардағы психикалық бұзылыстар;
- Экзогенді психикалық бұзылыстар;
- Экзогенді -органикалық психикалық бұзылыстар;
- Бас миынан тыс инфекциялық аурулар кезіндегі психикалық бұзылыстар;
- Алкоголизм ;
- Наркомания және токсикомания;
- Интоксикациялық және дәрілік психикалық бұзылыстар;
- Бас миы жарақаттары кезіндегі психикалық бұзылыстар;
- Бас миының ісіктері кезіндегі психикалық бұзылыстар;
- Бас миының инфекциялық органикалық аурулары;

4.Психогенді аурулар. Стресстік жағдайларға байланысты жеке тұлға және дене сферасының өзгерістері дамиды. Оларға келесі аурулар жатады:

- Реактивті психоздар;
- Невроздар;
- Психосоматикалық(соматоформды) аурулар.

5.Жеке тұлға дамуының патологиясы. Бұл топқа патологиялық психикалық жағдайлар және жеке тұлғаның аномалиялық бұзылыстары жатады. Оларға келесі аурулар жатады:

- Психопатиялар(жеке тұлға аурулары);
- Олигофрения(психикалық кемақылдылық);

- Психикалық дамудың кешеуілдеуі.

Психикалық аурулардың ХАЖ 10 бойынша жіктелімі.

- Органикалық, симптоматикалық, психикалық бұзылыстар ;
- Психобелсенді заттарды қабылдауға байланысты психикалық бұзылыстар;
- Шизофрения, шизотипті немесе сандырақтық бұзылыстар;
- Көңіл күй бұзылыстары (аффективті бұзылыстар);
- Невротикалық бұзылыстар, стресске байланысты невротиалық және соматоформды бұзылыстар;
- Физиологиялық бұзылыстар синдромы және физикалық факторлар;
- Егде жастарда жетілген тұлға және мінез- құлық бұзылыстары;
- Кемақылдылық;
- Психологиялық дамудың бұзылыстары;
- Балалық және жасөспірім шақта дамитын мінез- құлық және эмоционалды бұзылыстар;
- Анықталмаған психикалық бұзылыстар.

Психикалық аурулар кезінде биологиялық терапия

Биологиялық терапия негізінде терапевтикалық әрекеттерді биологиялық деңгейде емдеу әдісі. Оған психофармокотерапия, шокқа қарсы терапия (инсулинокоматозды және электротырыспаға қарсы терапия) жатады, эпилепсия кезінде тырысуға қарсы дәрілер, есірткіні қолдануды басу үшін, наркомания кезінде, өрістеуші паралич кезінде антибиотиктермен, депрессия кезінде фототерапия қолданылады.

Психиатрияда әртүрлі биологиялық емдеу тәсілдері соның ішінде басқа аймақтың медициналық тәсілдері: сәулелі терапия, иглорефлексотерапия, физиотерапия, гормоналды препараттармен емдеу, иммунокорректорлар және витаминдер арқылы емдеуге болады. Бұл тәсілдер психикалық ауруларды емдеуде қосымша немесе комплексті терапия ретінде қолданылады.

Биологиялық емдеу тәсілдерін психиатр арасында психофармокотерапия шұғылданады.

Психофармокотерапия

Психотропты препараттар психопатологиялық бұзылыстарды (толық немесе жартылай) жою психикалық аурулардың патогенетикалық механизміне дәрілік заттар көмегімен оң әсер ету арқылы жоғары нәтижеге жету үшін қолданылады.

Психотропты дәрілер тез немесе ұзақ уақыт әсер етеді, амбулаторлы жағдайда әртүрлі психопатологиялық аурулар кезінде әртүрлі әдістер арқылы қабылданады.

Психофармокотерапия психикалық науқастарды ерте мүгедектікті алдын алу немесе болдырмау, социалды адаптациясын жоғарылату және өмір сүру сапасын жақсарту үшін бағытталған.

Сонымен қатар, психофармокотерапия бірқатар кемшіліктерді алдын алады.

Біріншіден, айтарлықтай науқастар психотропты дәрілерді өз бетінше қабылдауына жол бермеу, әсіресе амбулаторлық жағдайда тағайындау.

Екіншіден, көптеген психофармокологиялық препараттар симптоматикалық әсерінің артықшылығы, психикалық аурулар кезінде клиникалық көріністерді жояды, бірақ айтарлықтай дәрежеде олардың патогенезіне әсер етпейді. Психофармокотерапия арқылы тұрақсыз немесе беткей ремиссия деңгейіне жетеді. Оларды тұрақтандыру үшін ұзақ уақыт, жиі емес көп жылдық психотроптық препараттар қабылданады.

Үшіншіден, психотропты дәрілердің бір неше топтарын (транквилизаторлар, психостимуляторлар) ұзақ уақыт қолданған кезде психикалық, сирек физикалық тәуелділік шақырады.

Психотропты препараттардың жіктелуі.

Психофармокологиялық препараттардың жіктемесі клиникалық әсеріне негізделіп бөлінеді. **Психотропты дәрілер 6 топқа топтастырылады.**

1) Нейролептиктер; 2) Антидепрессанттар (тимоаналептиктер); 3) Транквилизаторлар; 4) Психостимуляторлар; 5) Ноотропты препараттар (нейрометаболитикалық әсерлі препараттар); 6) Аффект стабилизаторлары (нормотимиктер).

Психофармокотерапияның варианттары мен принциптері.

Психотропты препараттар монотерапия немесе комплексті терапия түрінде қолданылады.

Монотерапия психикалық бұзылыстардың салыстырмалы қарапайым структуралы түрлерінде және олардың моносимптоматикалық формаларында, ремиссия кезінде, психотропты дәрілерді қанағаттанарлық дәрежеде сіңіре алмау кезінде қолданылады.

Көбінесе терапия бірнеше препараттармен жүргізіледі. Препараттар клиникалық симптомдарды жою және маңызды шараларды іске асыру үшін арналған.

Препараттарды таңдау кезінде психикалық аурулардың тек қана клиникалық көріністеріне қарап қана қоймай, аурудың динамикасына, нозологиялық формасына, ерте бастаған терапияның әсеріне, әсіресе соматоневрологиялық жағдайы және басқа да факторларға байланысты тағайындалады.

Психофармокотерапияның активті, орын басушы терапия және рецидивке қарсы түрлерін ажыратамыз.

Белсенді немесе активті ем психикалық аурулардың жедел және тез өрістеуі кезінде жоғары дозада психотропты дәрілер парентералды еңгізіледі. Мұндай ем «үзіліске қарсы» деп аталады, психикалық аурулардың жағдайын тез арада жақсарту үшін қолданылады.

Ремиссия басталғаннан кейін психофармокотерапияны тоқтатпай тұрып, орын басушы терапия қолданылады. Салыстырмалы терапия аз дозадан ұзақ уақыт бойы (көп айлар, көп жылдар) психостимуляторлар ремиссияны сақтау және жаңа шиеленістерді болдырмау мақсатында қолданылады.

Противорецидивті терапия интермиссия периодына, сауығуға және психикалық аурулардың қайталамалы ұстамаларын алдын алуға бағытталған.

Бір немесе бірнеше препараттарды шамадан тыс қолданғанда жағымсыз әсерлер пайда болуы мүмкін.

Психотропты дәрілердің дозасын науқастың жағдайына байланысты біртіндеп азайтып отырылады. Бірден емді тоқтатқан кезде жоғары дәрежеде психикалық аурулардың өршу қауіпі және рецидив пайда болуы мүмкін және психикалық және соматоневрологиялық бұзылыстар мен қатар «шығару синдромы» пайда болады.

Шокты емдеу әдістері

Өткен уақытта шок терапиясы (электротырысуға қарсы және инсулинокоматозды) психоз және шизофрения ауруларының негізгі емі ретінде қолданылған. Ал қазіргі уақытта шок терапиясы шектелген түрде қолданылады. Шок терапиясын өткізу үшін өмірлік көрсеткіштер немесе науқастың жазбаша келісімі, мүмкін болмаған жағдайда туыскандарының келісімі арқылы іске асырылады. Балалар және жасөспірімдерде шок терапиясы қолданылмайды.

Шок терапиясының әсер механизмі толық анықталмаған. Шок терапиясының эффективтілігі өте маңызды болып келеді. Ремиссия психофармокотерапияға қарағанда терең және берік болып келеді. Көбінесе психотропты дәрілер және шок терапиясы тек қана аурудың симптомдарын жою үшін ғана емес, алайда патогенетикалық ем ретінде де қолданылады. Бұл әдістерді қабылдауға шектеулер көп жағдайларда науқас және оның туыскандарының негативті қарым қатынастары болып табылады.

Электротырысулық терапия (ЭТТ) бұл электр тоғын орталық ми структураларына қысқа уақытты немесе тұрақты әсер етуі арқылы эпилептоформды шабуылдың пайда болуы. Әрбір науқас үшін эпилептоформды шабуылды шақыру үшін электр ток кернеуі және оның экспозициясы минималды түрде жеткілікті болады. ЭТТ әдетте күнара 4 тен 12 сеансқа дейін жүргізіледі.

ЭТТ қолдануға көрсеткіштер созылыңқы депрессивті жағдайлар (бір жылдан артық), терапияға резистентті ступор жағдайлар, гипертотоксикалық шизофрения ұстамалары болып табылады. ЭТТ соматикалық аурулары жоқ науқастарға тағайындалады. Емдеу алдында науқасты терапевт толық тексеруі керек, қажет болған жағдайда тірек –қозғалыс аппаратының дертін жоққа шығару үшін хирург тексеруінен де өтуі керек. ЭТТ көмегімен депрессивті ұстаманы тоқтатып қана қоймай, ауруды қолайлы бағытқа өзгертуге болады.

ЭТТ қолдану кезінде тыныстың тоқтауы, жүрек соғу жиілігінің бәсеңдеуі, тірек қимыл аппаратының зақымдануы, есте сақтау қабілетінің нашарлауы асқынулары пайда болуы мүмкін.

ЭЭТ ға негізгі қарсы көрсеткіштер эпилепсия, бас миының органикалық зақымданулары, тырысулық дайындықтың жоғарылауы, буын сүйек жүйесіндегі елеулі аурулар кезінде қолдануға болмайды.

Инсулинді шокты терапия. Бұл емдеу әдісі инсулинді кома шақыру арқылы жүргізіледі. Емдік әсерін психикаға инсулиннің тікелей әсері емес, ол арқылы туындайтын жағдайлармен (гипогликемия, кома) байланыстырады. Беспецификалық стрессті әсер ету эффекті елеулі роль атқарады деп есептеледі. Науқастарды соматикалық тексеру тырысулық терапия жүргізгендегидей мұқият жүргізіледі, өйткені гипогликемия жағдайында жиі эпилептоформды ұстамалар болады. Емдеу әрбір науқасқа сәйкес инсулиннің коматозды дозасы негізінде жүргізіледі.

Бірінші кома ұзақтығы 5-10 минутқа дейін, кейін 30-40мин дейін. Бір ем курсына коматозды жағдай саны 15-40. Терапияға көрсеткіштер ұзаққа созылмаған және продуктивті психопатологиялық симптоматикамен, ұстама тәрізді ағымға бейім шизофрения жағдайлары болып табылады. Соматикалық және инфекциялық аурулар ,артық дене массасы терапияға қарсы көрсеткіш болып табылады.

Ұйқысыздықтың дәрілік емі. Ұйқы бұзылуы механизмі науқас 1-3 тәулік немесе түнгі ұйқының аптасына 3-4 сағатқа дейі қысқаруынан пайда болады. Ұйқысыздық депрессия және эндогенді бұзылыстар салдарынан пайда болады. Ұйқысыздық емінде жиі транквилизаторлар қолданылады.

Фототерапия (сәулелік ем). Науқас фототерапиядан күнара жарты сағаттан 2-3сағатқа дейін жоғары дәрежелі ақ сәуленің көмегімен жүргізіледі. Ем ұзақтығы -10-15 күн.

Фототерапия депрессиялық жағдайларда ,әсіресе эндогенді және мерзімдік сипаттағы жағдайларда қолданылады. Терапиялық әсері жарық сәуленің әсеріне байланысты болып келеді.

Иглорефлексотерапия. Терең емес депрессиялар кезінде, әртүрлі типті астенияда және де басқа невротикалық немесе неврозға қатысты бұзылыстар кезінде қолданылады.

Психотерапия және социотерапия.

Науқасқа емдік мақсатта психикалық әсер ету әдісі. Психотерапия арқылы науқасты тыныштандырып, сақтық пен күдікшілдікті бәсеңдетіп ғана қоймай, сонымен бірге науқастың белсенділігін ынталандырады.

Социотерапия психотерапияның бір бөлігі болып, социальды психологиялық факторлар қолданылады: айналасындағылардың социальды ортаның тікелей әсері, әртүрлі социалдық активтік формалары және т.б жатады.

РЕАБИЛИТАЦИЯ

Реабилитация шаралары шартты түрде үш этапқа бөлінеді.

Бірінші этап- қалпына келтіруші терапия – стационарлық немесе жартылай стационарлық жағдайда жүргізіледі. Мүгедектіктің және психикалық дефект дамуына бағытталған, комплексті шаралармен қоса интенсивті биологиялық ем қолданылады. Топтық және отбасылық психотерапия, және әртүрлі социотерапия кеңінен қолданылады.

Екінші этап- реадaptация – стационарлық және жартылай стационарлық жағдайда басталып, ауруханадан тыс жағдайда жалғасады. Орынбасушы биологиялық терапия қолданылады. Отбасылық психотерапияның маңыздылығы – науқасты отбасына, отбасысын науқасқа бейімдеу болып табылады.

Үшінші этап- рационалды еңбекке қабілеттіліктің және науқастың белсенді өмір қалпын қалыптастыру үшін бағытталған реабилитация кезеңі болып табылады.

Психопрофилактика негізі

Психопрофилактика – бұл психикалық аурулардың және олардың нәтижесінде болатын асқынулардан сақтандырумен айналысатын психиатрияның бір бөлігі.

Аурулардан сақтандыруға бағытталған жалпы профилактиканың бір бөлігі ретінде психопрофилактика нақты психикалық бұзылыстарға негізделген. Жалпы профилактикалық көптеген мәселелерді шешу психопрофилактикаға қосқан үлес болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімі бойынша психопрофилактика біріншілік, екіншілік және үшіншілік болып бөлінеді.

Біріншілік психопрофилактика – психикасы дұрыс адамдарды психикалық аурулардан сақтандыру мақсатында қолданылады. Біріншілік психопрофилактика өте жоғары сапада қызмет жүргізілуін қамтамасыз етеді және тек медицина қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттік және жалпы ұйымдық мамандардың қатысуымен жүргізіледі.

Екіншілік психопрофилактика-басталған психикалық аурудың ерте анықтап, оның асқынған түрлерін болдырмау үшін бағытталған шаралар болып және оның созылмалы және қайталамалы түріне ауыспауына қарсы жұмыс, ауруды бастапқы сатысында тоқтату жұмысын жүргізеді.

Үшіншілік психопрофилактика- психикалық науқастың мүгедектігіне жол бермеуге бағытталған жұмыстар болып табылады.

Екіншілік және үшіншілік психопрофилактика қызметі ауру басталып, зақым келгеннен кейін жүргізілетін болғандықтан оның жұмысының нәтижесі біріншілік психопрофилактикамен салыстырғанда толымсыз болады.

7. Бақылау.

Бақылау сұрақтары:

1. Психикалық бұзылыстардың жіктемесі.
2. Психикалық аурулар кезінде қолданылатын дәрілік заттың топтары, әсер механизмі, көрсеткіші, қарсы көрсеткіші, жанама әсері.
3. Психотерапиялық көмекті ұйымдастырудың негізгі принциптері.
5. Психодинамикалық психотерапия.
6. Поведенческая психотерапия.
7. Когнитивті психотерапия.
8. Рациональді-эмоциональді психотерапия.
9. Гуманистикалық психотерапия.

10. Суггестивті психотерапия.
11. Гипнотерапия.
12. Топтық психотерапия.
13. Отбасылық психотерапия.
14. Инсулинокоматозды терапия.
15. Электротырысулық терапия.
16. Басқа медикаментозды емес емдеу әдісі (электроем, электроұйқы, гидротерапия, массаж, гипербариялық оксигенация, т.б).
17. Психикалық бұзылыстардың алдын алу және реабилитациясы..

Әдебиеттер

Психиатрия қазақ тілінде

негізгі:

1. Илешева Р.Г. Психиатрия. – Алматы, «Санат».-1998.-245б.
2. Құдиярова Ғ.М., Жарбосынова Б.Б. Психиатрия. - Алматы.: Қазақстан, 2008.-277б.
3. Құдиярова Ғ.М. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтар.- Алматы «Рауан».-1996.-205б

қосымша орыс тілінде:

1. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Оқулық. -М.: Медицина. 2000
2. Коркина М.В., Лакосина Н.Д., Личко А.Е. /Психиатрия. - М.:Медицина, 1995;
3. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия: Учебник. – М., Медицина, 2007. -532с.
4. Иванец Н.Н., Тюльпин Ю.Г. Психиатрия и наркология: учебник. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2006. – 832с.
5. Гавенко В.Л., Самардакова Г.А. Пропедевтика по психиатрии. Учебное пособие Ростов-на-Дону.2003.
6. Российское общество психиатров. Психиатрия. Национальное руководство. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2009. – 992с.

Электронды сайты:

1. medagent.ru/ist/
2. Pub.Med
3. www.spasmex.ru
4. www.webmedinfo.ru
5. medcompany.ru
6. meduniver.com
7. <http://diagnos.ru/diseases/nerves/nonsleep>

**1. №7. Экзогенді - органикалық және соматогенді бұзылыстар.
Симптоматикалық (посттравматикалық) эпилепсия.**

2. Тақырыптың мақсаттары

- Экзогенді-органикалық бұзылыстарды;
- Соматогенді бұзылыстар;
- Ақыл кемістігі;
- Деменцияны
- уақыт өте келе қоғамға, науқастың өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін жедел психикалық бұзылысты анықтау
- қоғамға қауіпті қозған науқасты қалай ұстау керектігін және оған көмек көрсету, дәрігер психиатрге жолдауды білуі қажет.

3. Б1.1 ҒЫЛЫМИ, ЗЕРТТЕУШІ – БІЛІМІН ҚОЛДАНУ

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: перереквизиттерден және осы пәндерден алынған білімді қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: Психиатрия бойынша тақырыпқа сай презентацияларды ұсынуды, неврология, психиатрия және наркологияда қолданылатын зерттеу әдістерін дәлділікпен орындайды;

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді: іс-әрекетінде ғылыми жаңалықтардың құндылықтарын үйлестіреді.

Б.2.2 ДӘРІГЕР-КЛИНИЦИСТ (1) НАУҚАСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

Білім (когнитивті) домені:

Есте сақтайды: жүйелер бойынша зертеу әдістерін сұрастыру, неврологиялық статус пен психостатусты зерттеу әдістерін есте сақтайды.

Түсінеді: Жүйелер бойынша патологиялардың негізгі клиникалық симптомдары мен синдромдарын;

Қолданады: науқасты тексеруде қазіргі кезеңдегі клиникалық – зертханалық және аспаптық тәсілдерді; науқаспен, оның туыстарымен, әріптестермен және басқа медицина қызметкерлерімен сенімді қарым-қатынас орнатуды қолданады.

Дағдылар (психомоторлы) домені:

Дәлдік: жүйке ауруларының: орталық және шеткілік патологиялық рефлекстерін, өзгерістерін анықтау және т.б. дағдыларды дәлділікпен жасайды.

Қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс-әрекетінің құндылықтарын үлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

Б.2.5. ПРОФИЛАКТИКА ЖӘНЕ РЕАБИЛИТАЦИЯ:

Білім (когнитивтік) домені:

Қолданады: психикалық аурулардың алдын алудың, психикалық бұзылыстар мен тәуелділік ауруларының психогигиенасы мен

психопрофилактикасының негіздерін, қалыптастырудағы білімдерін қолданады.

Қарым қатынас/мінез-құлық (аффективтік) домені:

Құндылықтарды үйлестіреді және ұйымдастырады: жасаған іс әрекетінің құндылықтарын үйлестіре отырып, дұрыс ұйымдастырады.

4. Тақырыпқа байланысты сұрақтар:

1. Альцгеймер, Пик, Паркинсон және Гентингтон ауруы кезіндегі деменция.
2. Қан-тамырлық деменция.
3. Бас ми жарақатымен байланысты деменция.
4. Эпилепсиямен байланысты деменция.
5. Нейроинфекциямен байланысты деменция.
6. Соматикалық ауру кезіндегі психикалық бұзылыстар
7. Кем ақылдылықтың этиопатогенезі, жіктелуі.
